

Әділетті Қазақстан

Қуатты ұлттың
діңгегі – халық.
Ең бастысы,
азаматтарымыздың
денсаулығы мықты,
білімі терең болуы
керек.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

● ПРЕЗИДЕНТ



ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ РӨЛІ АРТАДЫ

2

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ
Ерболат ДОСАЕВ
Бостандық ауданының
тұрғындарымен кездеседі.
Жүздесу 13 шілде күні,
сағат 9.00-де «Орбита-1»
шағынауданы,
41 мекенжайдағы
№60 мектеп-
гимназиясында өтеді.
Кездесуді онлайн-режимде
«Алматы» телеарнасының
YouTube парақшасынан
және Бостандық әкімдігінің
Facebook парақшасынан
көруге болады.

● САЛТ-ДӘСТҮР



ҮКІ ТАҚҚАН ҚЫЗ

7

● KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

11.07.2023

Түнде:



+16+18 °C

Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+30+32 °C

Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

12.07.2023

Түнде:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+33+35 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №82 (6375) 11 шілде, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

● ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЖОЛ САПАСЫ ЖАҚСАРАДЫ

Алматы әкімдігі жолдарды ұзақ мерзімді пайдалану үшін
құрылыстың жаңа технологияларын енгізуде



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Тақтайдай тегіс жолмен жүру – жолаушылардың арманы. Жайлы жол –
діттеген жеріңе қиналмай жетіп, уақытыңды үнемдеуге жақсы. Алматыда жолдар
қалай салынып, жөнделіп жатыр?

4

● БАЙЫПТАМА

ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫ

Әзербайжан арқылы тасымалданады



Еліміздің Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың
Әзербайжанға сапары көпшіліктің назарынан тыс қалды.
Әйтсе де, бұл сапар Қазақстан үшін маңызды еді. Онда
стратегиялық маңызды 10 құжатқа қол қойылды. Әсіресе,
біздің мұнайды Әзербайжан территориясы арқылы
тасымалдау мәселесін ерекше атап өткен жөн.

5

● ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Шавкат Мирзиёевті Өзбекстан Республикасының Президенті сайлауындағы жеңісімен құттықтады.
- Қазақстанда Орталық Азиядағы қауіпсіздік және ынтымақтастық форумы өтеді.
- Арман Жүдебаев ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі болып тағайындалды.
- Ұлттық музейге көне Отырар дәуірінен сыр шертетін жәдігерлер қойылды.
- «Қазақстан Барысы» атанған Ғалымжан Қырықбайға пәтер кілті табысталды.
- Өзбекәлі Жәнібековтің есімі Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетіне беріледі.
- Келесі жылы ҰБТ тапсырушыларға өз қаламсабын алып кіруге тыйым салынады.
- Биыл бакалавриатқа 73 мың грант бөлінді.
- Елімізде 43 градусқа дейін аптап ыстық болады.
- Томiris жобасының екінші легіне іріктеу жалғасады.
- Жас геологтардың республикалық олимпиадасы басталды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ АҚОРДА

Мемлекет басшысы Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев пен телефон арқылы сөйлесті. Қасым-Жомарт Тоқаев Ш.Мирзиёевті Өзбекстан Республикасының Президенті сайлауындағы жеңісімен құттықтады.

Мемлекет басшысы дауыс беру қорытындысы елді орнықты дамытуға, оның тұрақтылығы мен өркендеуін қамтамасыз етуге бағытталған Өзбекстан Президенті ұстанымының жалпыхалықтық қолдауға ие болғанын айқын көрсетеді деп атап өтті.

Әңгімелесу барысында Президент қазақ-өзбек қатынастарын стратегиялық серіктестік пен одақтастық рухында одан әрі нығайтуға ниетті екенін растады.

Мемлекеттер басшылары бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды нақты жүзеге асыру мәселелері жөнінде пікір алмасты және алдағы екіжақты іс-шаралар кестесін қарастырды.

■ СЕНАТ

ҚР Парламенті Сенатының депутаты Сергей Ершов Қарағанды облысында болып, жергілікті тұрғындармен, мәслихат депутаттарымен және сайлаушылармен кездесті.

Жүздесу барысында сенаторға орман алқаптарында, елдімекендерде және облыстың далалық аймақтарында өртке қарсы қауіпсіздікті ұйымдастыру жөнінде жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы егжей-тегжейлі баяндалды. Сондай-ақ, өрт сөндіру бөлімдерінің жаңа қосындары мен олардың жабдықталу деңгейі таныстырылды.

Қатысушылар кездесу барысында Қарқаралы ұлттық табиғи паркіндегі өрт қауіпсіздігіне қатысты өзекті мәселелерді талқылады. Ең алдымен, материалдық-техникалық базаны қаржыландыру деңгейінің төмендігі мен ұлттық парк қызметкерлері жалақысының аздығына байланысты мәселелер айтылды.

«Орталық мемлекеттік органдар өзекті мәселелерді шешу үшін шұғыл және салмақты іс-шаралар қабылдауға тиіс. Төтенше жағдай туындаған кезде елдімекендердің тұрғындары да, қоршаған орта да апат ауқымынан оқшаулануы керек. Сенат депутаттары Палата отырыстары мен депутаттық сауалдарында бұл мәселелерді бірнеше рет көтерген болатын», – деді сенатор Ершов.

Депутат сонымен қатар, Қарағанды облысы әкімдігі жанындағы аумақтық қорғаныс жөніндегі әскери бөлімде де болды. Сергей Ершов әскердің орналасқан жерін көріп, әскери қызметшілермен әңгімелесті және осы бөлімнің қызметімен танысты.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Мемлекет басшысының Сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі республикалық штабта қолайлы оқу жағдайлары бар 1,5 млн оқушы орнын ашу мәселесі қаралды.

Оқу-ағарту министрі Г.Бейсембаев 2020–2022 жылдары республикада түрлі қаржыландыру көздері есебінен 340 мың оқушыға арналған 626 мектеп пайдалануға берілгенін баяндады. Биыл 130 мың балаға арналған тағы 146 мектеп ашу жоспарланып отыр, оның 62-сі сыбайлас жемқорлардан тәркіленген қаражат есебінен салынбақ.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру басталды, оның аясында 2024–2025 жылдары 740 мың оқушыны қамтитын жаңа форматтағы 369 мектеп салынбақ. Бұл оқушы саны тым көп сыныптар, апаттық мектептер және үш ауысыммен оқыту мәселесін түпкілікті шешуге мүмкіндік береді деп күтілуде.

Бүгінгі күні жаңа оқу орындарын жиһазбен және технологиялық жабдықтармен жарақтандыру стандарттары әзірленді, «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, отандық тауар өндірушілердің ұлттық жобасына қатысу мәселесі пысықталды. «Білім беру өзгерістерінің 1000 көшбасшысы» жобасы бойынша жайлы мектептер директорларының корпусын дайындау жүргізілуде, оларды кадрлармен уақытылы қамтамасыз ету үшін мұғалімдер базасын қалыптастыру жалғасуда.

■ ӘЛЕУМЕТ

Жыл басынан бері 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін 5316 грант берілді. 2023 жылы барлығы 9000 грант беру жоспарлануда. Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Бірінші және екінші лек бойынша гранттар алуға өтінімдер осы жылғы наурыз және мамыр айларында бекітілген кестеге сәйкес қабылданды. Осылайша өткен екі лек шеңберінде үміткерлерден барлығы 51,2 мың, оның ішінде көпбалалы отбасылардан – 30,1 мың, мүгедектігі бар адамдардан – 8,7 мың, мүгедектігі бар балаға күтім жасайтын адамдардан – 6,1 мың, атаулы әлеуметтік көмек алушылардан 2,7 мың өтініш қабылданды. Сондай-ақ, асыраушысынан айырылған 2,01 мың адам, 160 қандас және 506 қоныс аударушы өтініш берді.

Мемлекеттік грант – нысаналы мақсаты жаңа бизнесті бастау және дамыту болып табылатын қайтарымсыз берілетін бастапқы капитал. Грант мөлшері 400 АЕК-ке дейін (1 380 000 теңге). Әрбір қатысушы оны тек бір рет қана ала алады.

Гранттарды Халықты жұмыспен қамту орталықтары грант алуға үміткерлердің өтініштерін қарау жөніндегі аудандық/қалалық комиссияның шешімі негізінде береді. Үміткерлер өздерінің бизнес-жобаларын комиссия отырыстарында таныстырады. Комиссия отырысының өткізілетін орны, күні мен уақыты туралы хабарлама Business.enbek.kz порталында грант алуға өтініш берушінің жеке кабинетінде көрсетіледі.

■ МӘСЛИХАТ

Алматының Алмалы ауданындағы М.Мақатаев көшесіндегі 130-үйдің жаңартылған ауласы жергілікті тұрғындарды қуанышқа бөледі. Онда жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстары аясында жолдар, ойын алаңдары және тұрақ орындары асфальтталды.

Сонымен қатар, жаңа бордюрлер мен жиектер орнатылды. Тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуі үшін баскетбол және футбол алаңдары салынып, тұрғындарға жайлы болу үшін орындықтар орнатылды.

«Алмалы ауданы әкімдігі балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізуге және бұқаралық спортты дамытуға аса көңіл бөлген. Бұл қазіргі қоғамның маңызды мәселелерінің бірі. Мегаполистің әр ауданында халықтың едәуір бөлігі бос уақытының жартысын мектептен тыс өткізетін балалар мен жасөспірімдерден тұрады. Сонымен қатар, алаңның әмбебаптығы сол, ересектердің де дене белсенділігін арттыру үшін қолайлы жағдай жасалған», – деп атап өтті қалалық мәслихаттың Қоғамдық даму, мәдениет, спорт, дін және жастар жөніндегі комиссиясының төрағасы, депутат Әсия Аканова.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

● ПРЕЗИДЕНТ

ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ
РӨЛІ АРТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана мемлекеттік қызмет хабы Басқарушы комитетінің төрағасы Әлихан Байменовті қабылдады. Кездесу барысында мемлекеттік қызмет саласындағы қазіргі үрдістер мен даму перспективалары талқыланды.

Президент Астана хабы мемлекеттік басқару жүйесін дамыту мәселелері бойынша сараптама-лық тұрғыда маңызды қолдау көрсетіп отырғанын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту, билік өкілеттіктерін орталықсыздандыру және мемле-

кеттік органдар қызметіне жобалық әдісті белсенді енгізу арқылы әкімшілік реформаны тиімді жүзеге асыру маңызды екенін айтты.

Сонымен қатар, кездесуде қоғамды одан әрі ұйыстыру, атап айтқанда, заң мен тәртіпті сақтау, кәсібилік және еңбек адамының

рөлін арттыру секілді құндылықтарды қалыптастырудың маңыздылығы қарастырылды.

Бұдан бөлек, Әлихан Байменов Президентке Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясының жұмысы туралы мәлімет берді. Мемлекет басшысы ұлттық ойынымызды елімізде және шетелде одан әрі дәріптеу маңызды екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев келесі жылы Қазақстанда өтетін Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын жоғары деңгейде ұйымдастыру қажеттігіне назар аударды.

● ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ЕКАТЕРИНБУРГТЕ ЕЛІМІЗДІҢ
БАС КОНСУЛДЫҒЫ АШЫЛДЫ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов ХІІІ «ИННОПРОМ» халықаралық өнеркәсіптік көрмесіне қатысу үшін Екатеринбург қаласына (РФ) жұмыс сапарымен барды. Үкімет басшысы, ең алдымен, қаладағы Қазақстанның Бас консулдығының ашылу рәсіміне қатысты.



Бас консулдық жұмысы Қазақстан Республикасының өңірлері мен кәсіпорындарының Ресей Федерациясы өңірлерімен сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын кеңейтуге, сондай-ақ тиісті консулдық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

Жаңа дипломатиялық нысанның жұмысы Орал федералды округінің бүкіл аумағын, атап айтқанда, Свердлов, Челябин, Қорған, Түмен облыстарын, сонымен қатар, Пермь өлкесін қамтиды. Жалпы, осы консулдық округтің аумағында 90 мыңнан астам қазақ, оның ішінде Қазақстаннан келген 7 мыңнан астам студент бар.

Әкімшілік орталығы және ең үлкен қаласы Екатеринбург болып табылатын Орал федералды округі – Ресей Федерациясының қарқынды дамып келе жатқан өнеркәсіп, ғылым-білім, көлік-логистикалық және қаржы орта-

лықтарының бірі. Мұнда ірі ғылыми және өндірістік бірлестіктер орналасқан. Өнеркәсіптік өндірістегі экономикалық қызметтің негізгі түрлері жоғары ғылыми-техникалық әлеуеті бар машина жасау және металл өңдеу өнеркәсібі болып отыр.

Салтанатты рәсім кезінде Үкімет басшысы Әлихан Смайылов пен Свердлов облысының губернаторы Евгений Куйвашев қызыл лентаны қиып, артынша Бас консулдың ғимаратын аралады.

Премьер-Министрдің айтуынша, Оралдың қақ орталығында Бас консулдың ашылуы біздің достық қарым-қатынастарымыздың дамуына елеулі серпін береді. Сонымен қатар, Үкімет басшысы 10 жыл бұрын Екатеринбургте екі ел президенттері қол қойған ХХІ ғасырда тату көршілік пен одақтастық туралы шарт аясында стратегиялық әріп-

тестікті одан әрі нығайту шаралары белсенді жалғасып келе жатқанын атап өтті.

«Бүгінде Қазақстанның облыстары мен қалаларының Ресей субъектілерінің көпшілігімен тұрақты диалогы орнатылған. Бұл тұрғыда Орал аймағы географиялық жақындығы жағынан да, өнеркәсібі дамыған Свердлов, Қорған, Түмен, Челябин облыстарымен және Пермь өлкесімен қалыптасқан сауда-экономикалық байланыстар жағынан да өте маңызды», – деді Әлихан Смайылов.

Сөз соңында Премьер-Министр ҚР Бас консулдығы мемлекетаралық ынтымақтастықты дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашатынына сенім білдіріп, оның қызметкерлерінің жұмысына табыс тіледі.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



● БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ТҰРҒЫНДАР ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ ОРЫНДА

Сейфуллин даңғылындағы көпір жөнделеді

Айнабай
МӘДІ

Сейфуллин даңғылының Үлкен Алматы каналымен (ҰАК) қиылысындағы көпірді жөндеуге байланысты Алматы қалалық Мобильділік басқармасы БАҚ өкілдеріне арнайы баспасөз туры ұйымдастырды.

Түркістан ауданының әкімі Бақытжан Ақжаров БАҚ өкілдеріне «Алматы-1» темір жол бекетін қала орталығымен жалғап, үздіксіз қозғалысты қамтамасыз ететін даңғылдың бойындағы көпірде жүргізіліп жатқан жұмыстардың мәнісін түсіндірді. «Аудан тұрғындары 80-жылдары салынған осы көпірдің жүргініштерге қауіп туғызып отырғанын айтып, әкім болғалы үш жыл ішінде әлденеше рет шағымданды. Кей тұстағы қаптамалардың құлап, басқыштардың үгітіліп қалғанын көзіміз көріп отыр. ПИК төрағалары да аталған көпірдің қатерін еске салған. Айтайын дегеніміз, бұл көпірдің реттелуі қажеттігі. Бізге осы көпірден күнделікті өтетін жүргініштердің амандығы маңызды. Сол үшін де қалалық Мобильділік басқармасына өтінішімізді жолдап, көпір құрылысын реттеуді сұрадық. Оның үстіне, биыл Сейфуллин даңғылына орташа жөндеу жұмыстары жүрмекиі. Осыны пайдаланып, төңірегіміздегі көпірді реттеу кезегі келіп тұр», – деді аудан әкімі.

Әлеуметтік желілерде тараған тұтас гранит-тастардың жойылғаны жөніндегі ақпараттың шындыққа жанаспайтынын айтқан профильдік басқарманың мәлімдеуінше, көпірдің тек апаттық қаптау фрагменті өзгереді. 1980 жылдан бері сақталған сапалы гранит жабыны орнында қалады. Сейфуллин көпіріндегі гранит плиталар тазарту үшін алынып, бүтін тастар орнына қойылады. Көпір салынғаннан бері жөнделмеген. Әр жылдары ағымдағы жөндеу кезінде сынған, тозған плиталар қалпына келтірілмек. Көпірдің қаптамасында екі түрлі материал: оң жақта – гранитті тастар, сол жақта, яки Сейфуллин даңғылының жүру бөлігінде – қалыңдығы 20 мм кесілген гранит плиталар қолданылмақ.

Беті жылтыр, жақсы сақталған бүтін гранитті тастар ауыстырылмайды. Тек оларды тазалап, тегістеу үшін алып



тастайды. Осыдан соң оларды осы учаскеде қайта пайдаланып, орнатады. Расында, баспалдақ жиектеріндегі плиталар арасында ыдырағаны бар. Тірек қабырғалары мен құрылымның өзіндегі гранит плиталардың қабыршақтанғаны байқалады. Әлбетте, бұл жағдайдың жаяу жүргініштерге қауіп жоқ деп айта алмайсың. Басқарма басшысы жөндеу жұмысы барысында бұл плиталардың тазартылып, бастапқы қалпына келтірілетінін атап айтты.

Сейфуллин даңғылының қозғалыс бөлігін қаптауға қолданылған қалыңдығы 20 мм кесілген жалпақ гранит плиталарында ақау жоқ емес, үгітілгені көрініп тұр. Демек, бұл плиталар осыған ұқсас плиталарға ауыстырылады. Бөлшектелген және ауыстырылған плиталардың көлемі 25 пайыздан аспайды.

Әлеуметтік желіде тараған жаңа материалдардың сапасыздығы жөніндегі әңгіме де шындыққа жанаспайды. Орнатылатын гранит плиталарында мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің деректер тізілімінде тіркелген сәйкестік

сертификаты бар. Осы сертификат тиісті түрде сәйкестендірілген әрлеу плиталары – граниттен («Желтау», «Майкөл» және «Жалғыз-5» кен орындары) жасалғанын растайды. Бұл жұмыстарды шілденің соңына дейін аяқтау жоспарлануда. Көпірді жөндеу жаяу жүргініштердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Түркістан ауданы тұрғындарының өтініштері бойынша жүргізіліп жатқанын айта кеткен жөн.

«Біздің басқарма ағымдағы жылы Сейфуллин даңғылының 5,7 шақырымына орташа жөндеу жұмыстарын қолға алды. Осыған дейін мұндай жұмыс 2010 жылы атқарылған. Түптік талапқа сай, әр 5 жыл сайын осындай жұмыс жүргізілуі тиіс. Асфальт-бетон жабынының жоғары бетіне полимер-шма салынады. Мұны Алматыда бірінші рет қолданып отырмыз. Осыған дейін шевен-мастикалық бетон салынып келген. Мұның өзі қаламыздың магистральды жолдарында автокөліктердің көбеюіне байланысты болып отыр», – деді Алматы қалалық Мобильділік басқармасының басшысы Сағындық Телбаев.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

● ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

eOtinish сервисі арқылы мемлекеттік органдарға өтініш беріп, шағым түсіруге болады. Бұл – ТКШ, абаттандыру, заңсыз құрылыс, кәсіпкерлік, құқықтарды қорғау және т.б. мәселеге арналған бірыңғай платформа.

БІРЫҢҒАЙ ПЛАТФОРМА

арқылы қалай өтініш береміз?



eGov mobile және Aitu мобильді қосымшалары арқылы сайтқа жіберуге болады.

Мәселен, біз сізге eGov mobile мобильді қосымшасы арқылы «eOtinish»-ке қалай дұрыс өтініш беруге болатынын көрсетейік.

«eOtinish» ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік органдарға өтінішіңізді сәтті жасау және жолдау үшін eGov mobile қосымшасына кіру қажет. Әрі қарай «Қызметтер» бөліміндегі «eOtinish» бөлімін басу керек. Батырманы басқаннан кейін сіз «eOtinish» ақпараттық жүйесінің басты бетіне өтесіз. Содан кейін «Өтініш беру» бөлімін басып, пайда болған терезеде электрондық форманы толтыру қажет.

Тиісті бағандарды сәтті толтырғаннан кейін сізге бар болғаны «Қол қою және жіберу» батырмасын басу ғана қалады. Бұл әрекет сіздің өтінішіңіз мемлекеттік органға тіркеу үшін және одан әрі қарауға жіберілгенін білдіреді.

Н.ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

Электрондық жүйе мемлекеттік органдар жұмысының ашықтығы мен тиімділігін арттыруға арналған. Порталда мемлекеттік органдарға өтініштің қай сатыда екенін бақылауға болады. Өтінішті қарастыру бастан-аяқ жүйеде сақталады, өтініш беруші өзінің өтініші бойынша бұрын қабылданған шешімдерді де көре алады.

Өтінішті eGov порталы,

● БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ЖАҢА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАҒЫТ

Қазақстан мен Пәкістан арасында тікелей әуе рейсі ашылды

Әуе кемелері аптасына 2 рейс жиілігімен (сәрсенбі және сенбі) Алматы – Лахор бағыты бойынша тікелей рейстерін орындауды бастады.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Жаңа халықаралық бағыттың іске қосылуына арналған баспасөз конференциясы өтті. Конференцияға ҚР Азаматтық авиация комитетінің, ҚР Пәкістан ИР консулдығының және Қазақстан Республикасының Пәкістан ИР-дегі елшілігінің өкілдері қатысты.

Мемлекет басшысының халықаралық рейстер санын көбейту жөніндегі тапсырмасы бойынша ҚР ИИДМ Азаматтық авиация комитеті Пәкістанның авиациялық билігімен бірлесіп, ҚР Пәкістандағы Елшісі Ержан Қыстафиннің көмегімен Пәкістанға рейс ашу мәселесін қарастырған еді. Енді әуе компаниясы аптасына екі рет Алматыдан Пәкістанның Лахор қаласына тікелей рейстерді орындайтын болады. 8 шілде күні Алматыдан Лахор қаласына алғашқы рейс орындалды. Жол жүру уақыты – 2,5 сағат.

Қазақстан мен Пәкістан арасында әуе қатынасын ашу елдер арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық, туристік және мәдени ынтымақтастықты одан әрі дамытуға мүмкіндік беретіні және болашақта осы бағыттағы жолаушылар саны көбейген сайын елдер арасындағы әуе қатынасы да өсетіні атап өтілді.

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Суық су уақытша болмайды

«Алматы Су» МКК қызметкерлерінің хабарлауынша, сумен жабдықтау желілері мен нысандарында жоспарлы жөндеу жұмыстарына байланысты Алматының бірқатар аудандарында суық су уақытша тоқтатылады.

Мәселен, бүгін, яғни 11 шілдеде сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін Әуезов ауданында «Жетісу-2» шағынауданында орналасқан тұрғын үйлер мен өзге де ғимараттарға суық су беру тоқтатылады. 11 шілдеде сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін Бостандық ауданында Қожанов – Байқадамов – Ггарин – Тәжібаев көше шаршысында сумен жабдықтау уақытша тоқтатылады.



Суретті түсірген Самат ҚҰСЫҒЫНОВ.

Өз кезегінде Қазақстанның Пәкістандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Ержан Қыстафин Біріккен Араб Әмірліктері арқылы рейсті ашуға ұшқанда бірнеше қосымша сағат жұмсағанын, өйткені Астана үшін түйісу уақыты 10 сағатты, Алматы үшін – бес сағатты құрайтынын атап өтті.

Бұдан басқа, Пәкістан мангосының импортын әуе жүктері арқылы жолға қою жоспарлануда. Сондай-ақ, Ержан Қыстафин Пәкістанның теңізге шығуына байланысты айтарлықтай әлеуетін атап өтті. Елшінің айтуынша, Қазақстан аталған ел арқылы транзиттік маршруттарды кеңейте алады. Рейстер арқылы логистика да дами түседі. Пәкістанмен үш-бес күнде ресімделетін электрондық визаларды ашу жоспарда барын хабарлады.

Қ.ЖҰМАДІЛОВА.



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЖОЛ САПАСЫ ЖАҚСАРАДЫ

Алматы әкімдігі жолдарды ұзақ мерзімді пайдалану үшін құрылыстың жаңа технологияларын енгізуде

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Тиімді тәсіл

Алматыда жаз басталғалы бері жол сапасын арттыру мақсатындағы құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Бұл жұмыстың барлығы халық игілігі үшін атқарылып жатқаны анық. Осыған орай, жауапты сала мамандары қала тұрғындарын түсіністік танытуға шақыруда.

Мегаполис әкімдігі жол жабынын жақсарту немесе жылумен жабдықтау, су бұру желілерін реконструкциялау мақсатында құрылыс және жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан 200-ден астам жол учаскелері туралы ақпаратты қамтитын деректерді жариялады. Онда жөндеу жұмыстарының аяқталу мерзімі көрсетілген. Осыған орай, мамандар магистральдық көшелер бойынша орташа жөндеуді оқу жылы басталғанға дейін, ал аудандық маңызы бар көшелерді ағымдағы жылдың қараша айының соңына дейін аяқтауды жоспарлап отыр.

Мәселен, ағымдағы жылы әкімдік ұзындығы 200 шақырымнан асатын 230 көшені орташа жөндеу мен жөндеу жұмыстарын қолға алды. Алматыда барлығы 2746 көше бар. Ал жалпы көше-жол желісінің ұзындығы 3097 шақырымды құрайды. Ағымдағы жылы автожолдардың үлесін бытырғы 86%-дан 89%-ға дейін, кейіннен 2025 жылға қарай 95%-ға дейін көтеру жоспарлануда. Аталған мақсат үшін жыл сайын ұзындығы кемінде 200 шақырым жолдарға орташа жөндеу жүргізу жоспарлануда. Басқаша айтқанда, жүргізілетін жөндеу жұмыстарының көлемі мегаполистің инфрақұрылымды жақсарту жөніндегі жоспарларына толық сәйкес келеді.

Бүгінде қала көшелерінде жолдарға жүктеме артып келеді. Бұл алып шаһардың күн сайын өсіп келе жатқанын, соған орай жолдарда көлік ағыны арта түскенін көрсетіп отыр. Барлық салаларда тиімділікті арттыру үшін инновациялық әдістер енгізілуде. Жол саласы да бұл үрдістен қалыс қалмақ емес.

Сапалы битуммен
қамтамасыз ету маңызды

Мамандардың айтуынша, жолға төселген битумның тозуға қарсы қабілеті жоғары болуы керек. Егер бұл көрсеткіші анағұрлым жоғары болса, оның асфальт-бетонды қоспаны байланыстыратын бастапқы сапасы ұзақ жылдар бойы өз қасиетін жоғалтпайды. Сондықтан автомобиль жолдарын реконструкциялау мен жөндеу жұмыстарын сапалы битуммен қамтамасыз ету маңызды. Алайда, «Индортех» ғылыми-зерттеу және білім беру орталығының зерттеу және жаңа технологиялар департаментінің директоры Ғалия Ысмайылованың айтуынша, битумның сапасы жылдан-жылға нашарлай түседі. Бұл тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде белен алып отырған үрдіс. Асфальт-бетондағы битум функциясын желіммен салыстыруға болады. Сондықтан Алматыда жабысқақ қасиеттерін жақсарту үшін пилоттық форматта асфальтбетон құрамындағы полимерлер қолданыла бастады.

Оның айтуынша, жаздың ыстық күндерінде Алматыдағы асфальтбетон 60–63°C дейін қызады, ал битум 47–50°C температурада жұмсарады.

Алматыда асфальтбетон қоспаларының құрамында полимерлерді қолдану туралы шешім отандық және шетелдік ғалымдармен бірлесіп қабылданды. Әлемнің әртүрлі қалаларының, дамыған және дамушы елдердің автомобиль жолдарында қозғалыс қарқындылығы жоғары және күрт континентальды климаттың тәжірибесі қарастырылды. Бұл шешімді қабылдаудағы шешуші фактор жүргізушілер мен жолаушылар үшін ыңғайлылықты, жайлылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету критерийі болды.

Мегаполисте жалпы ұзындығы 44 шақырым болатын магистральдық көшелер 2008 жылдан 2015 жылға дейін жөнделді. Жалпыұлттық регламентке сәйкес Алматының (IV) жол-климаттық аймағын ескере



отырып, орташа жөндеудің жөндеу аралық кезі мерзімі 5 жылды құрайды. Жаңа әдіс тозуға төзімділіктің артуына мүмкіндік береді.

Сапалы жұмыс –
жақсы нәтиже

Асфальтбетон жабындарын жасаудың өндірістің барлық кезеңдерінде, соның ішінде асфальтбетон зауытында қоспаны дайындауда, оны төсеуде, қабатты тығыздауда өзіндік қиындықтары бар. Асфальтбетонның көптеген сорттары үшін қажетті құрылымды, қаттылықты және беріктікті алу үшін белгілі бір уақыт қажет. Бұл талаптар бұзылса, жұмыс жақсы нәтиже бермейді.

Жол жұмыстарын түрлендіру жолымен асфальтты бетон сапасын жетілдіру – тиімді тәсіл. Битум мен асфальтты бетонның пайдалану қасиетін полимерлік қосымшалар арқылы түрлендіру битумның ыстыққа төзімділігін арттырады, созылмалық аралығын кеңейтеді, битумның тас материалдармен бірігуін жақсартады. Кешегі кезге дейін біздің елімізде жол құрылысына пайдаланылған материалдар шектеулі, негізінен топырақ, бор, тас сияқты табиғи дүниелер болып келгені белгілі, полимерлік қосымшалар қолдану атымен болған емес. Әлемдік жол құрылысының жаңалығы саналатын бұл әдіске жүргізілген зерттеулер полимерлерді қолдану арқылы асфальтты бетонның мықтылығын, жарылып кету және жылжып кетуге тұрақтылығының артатынына көз жеткізді. Жылдар бойғы зерттеулер нәтижесінде бұл материалдарды ірі отандық құрылыс нысандарында жол жамылғылары құрылысына енгізіп, жол құрылысына да пайдалануға болатыны байқалды.

Бүгінге дейін жол құрылыстарының қоршаған ортаға, адам денсаулығына келтіретін зияндары ескерілмей келді. Асфальт қоспалары орасан жоғары температурада қыздырылып, қайнатылып, ауаға түтін, ыстық бу бөлінетіні қалыпты жағдай сияқты қаралды. Қазіргі жаңа технологиялар мұны азайтуға, тіпті болдырмауға мүмкіндік береді.

Жол салу –
оңай емес

«Жолдың жайын жүрген біледі» десек те, оның қадірін салған адамнан артық ешкім білмес. Себебі, жол бір-екі күннің ішінде жасалып біте салмайтын жұмыс. Осыны ескерген Алматы әкімдігі азаматтардан жолдардағы мәжбүрлі уақытша шектеулерге түсіністікпен қарауды сұрайды.

Бұл қаланың жолдары бізге ұзағырақ қызмет етуі үшін қажетті шара. Жабынды төсеу жұмыстары түнде жүргізіледі. Алайда, жүргізілетін жұмыстардың сапасының нашарлауын болдырмау үшін оның бетін салқындату және тиісті қаттылық пен беріктікті жинау үшін орта есеппен 36 сағатқа шыдау ұсынылады. Бұл кезең, әдетте, күндізгі уақытқа сәйкес келеді. Ыстық қоспаларды төсеу көктемде және жазда қоршаған ауа температурасы 5°C-тан төмен емес, күзде – 10°C-тан төмен емес сәтте жүргізі-

Біле жүріңіз!

Орташа жол жөндеу жоспарын
Қалалық мобильділік басқармасының мамандары көше-жол желісін тексеру қорытындысы бойынша жасайды. Сондай-ақ, тізімді қалыптастыру кезінде аудан әкімдіктерінің өтінімдері және ПД ЖБП ұйғарымдары қаралады. Берілген тізімдер бойынша тиісті лицензиясы және рұқсат құжаттары бар жобалау ұйымы жол төсемінің жай-күйін анықтау бойынша зертханалық зерттеулер жүргізеді. Қандай да бір учаскеде жөндеу қажеттігі туралы шешім техникалық сараптамадан кейін сарапшылардың қорытындылары бойынша қабылданады, «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК тексереді және мемлекеттік сараптамадан өтеді.

Жұмыс жалғасып жатыр

Алматыда жол жөндеу жұмыстары жалғасуда, оның аяқталуы бойынша жолдардың жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі ағымдағы 86%-дан 89%-ға дейін ұлғаяды.

Алматы қалалық мобильділік басқармасының мәліметінше, Абай бойынша Тілендиев көшесінен Розыбакиев көшесіне дейінгі қозғалыс ашылады, әл-Фараби және Абай даңғылдары бойында бірқатар учаскелер бойынша қозғалыс уақытша шектеледі.

Әл-Фараби даңғылы бойынша, қолайлы ауа райы жағдайында асфальтбетон төсемінің төселуіне байланысты 10 шілдеде сағат 22.00-ден 13 шілдеде сағат 6.00-ге дейін күндізгі және түнгі уақытта Жароков көшесінен Жақсылық Үшкемпіров көшесіне дейін шығыс бағытта әл-Фараби даңғылының бойымен қозғалыс толығымен жабылады. Айналма жол Жароков, Тимирязев, Сейфуллин көшелерімен қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар, Абай даңғылының бір бөлігі ашылып, екінші учаске жабылады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алматы қаласының көше-жол желісін орташа жөндеу жоспары 2022 жылдың 4 тоқсанында аудан әкімдіктері және тұрғындардың өтініштері бойынша қалыптасты.

Қала бюджетінде ағымдағы жылы ұзындығы 200 шақырым 230 көшені жөндеуге 20 млрд теңге қарастырылған. Ал өткен 2022 жылы ұзындығы 189 шақырым болатын 210 көшенің құрылыс жұмыстарына 17,5 млрд теңге жұмсалған. Аталмыш жұмыстар үшін аудандарға жалпы бюджеттен 500 млн теңге бөлінді.

Бұл ретте ұқсас жұмыс түрлері мен құрылыс материалдарының сметалық құны өткен жылмен салыстырғанда орта есеппен 7–10%-ға өсті. Мысалы, ҚР аумағында қолданыстағы сметалық бағалар жинағына сәйкес 2022 жылы 1 т қиыршық тас-мастикалық асфальтбетонның құны 18 781 теңгені, 2023 жылы 21 002 теңгені (+11%), 2022 жылы 1 т жол битумының құны 168 642 теңгені, 2023 жылы 175 315 теңгені (+4%) құрады, ауыр бетонның құны 2022 жылы 20227 теңге, 2023 жылы – 21 863 теңге (+8%), жол жұмысшыларының жалақысы санатына байланысты орташа есеппен 2022 жылы бір адамға 1648 теңге, 2023 жылы – бір адамға 2063 теңге (+20%) құрады.

Жалпы, ағымдағы жөндеу жолдардың жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі ағымдағы 86%-дан 89%-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Мамандардың айтуынша, жалпы, әрбір салынған немесе жөнделген жолға кепілдік беріледі. Мәселен, бізде жөндеуден өткен жол кемінде үш жылға шыдас беруге тиіс, ал жана жол бес жыл бұзылмауға тиіс. Мәселен, Еуропада жолдың кепілдігі 10–20 жыл аралығында, кей жағдайда 25 жылға беріледі екен.

луі керек. Жұмыстар учаскелерде жүргізіледі және олар бір учаскеде аяқталуына қарай екінші учаскедегі жұмыс мерзімдері айқындалады. Сондай-ақ, ауа райы жағдайлары жұмыс уақытына әсер етеді. Өйткені, асфальтбетон қоспаларының жабындары мен негіздерін құрғақ ауа райында орналастыру керек. Қала тұрғындарына ыңғайлы болу үшін алдын ала хабарланады.

Кестеде сіз орташа жөндеу, шұңқыр және т.б. туралы ақпаратты таба аласыз. Орташа жөндеу көшелерінің тізімі аудан әкімдіктерінің өтінімдері, тұрғындардың тікелей өтініштері және қалалық ұтқырлық басқармасы мамандарының тексеруі негізінде жасалады. Егер сізде жолдың қосымша учаскелерін жөндеу жұмыстарының кестесіне енгізу жөнінде тілектеріңіз болса, тиісті аудан әкімдігінің өкілдеріне жүгінуіңізге болады.

10 шілдеде таңғы сағат 6.00-ден бастап Тілендиев көшесінен Розыбакиев көшесіне дейінгі учаскеде Абай даңғылы бойынша қозғалыс ашылады. Онда полимерасфальтбетонды пайдалана отырып, орташа жөндеу аяқталды.

11 шілде күні таңғы 6.00-ге дейін Абай даңғылымен Назарбаев даңғылынан Наурызбай батыр көшесіне дейін асфальтбетон төсеуге байланысты көлік құралдарының қозғалысын толық жабу жоспарланып отыр. Айналма жол Құрманғазы, Сәтбаев көшелері, Назарбаев даңғылы, Сейфуллин даңғылы бойынша қамтамасыз етіледі.

«Жөндеу жұмыстары 2023 жылға жоспарланған жұмыстар аясында жүргізіліп жатыр. Уақытша қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз. Бұл – қаланың жолдары бізге ұзағырақ қызмет етуі үшін қажетті шара. Бағыттарыңызды алдын ала белгілеп алуды өтінеміз», деп хабарлады басқармадан.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



САРАПТАМА

МИРЗИЁЕВТИҢ КЕЗЕКТІ ЖЕҢІСІ:

ЖАҢАРҒАН КОНСТИТУЦИЯ,
ЖАҢА БИЛІК ДӘУІРІ

9 шілдеде Өзбекстанда кезектен тыс президент сайлауы өтті. Оның нәтижесі көпшілік күткендей болды, қазіргі президент Шавкат Мирзиёев өзбек елінің президенті болып қайта сайланды. ОСК мәліметіне сәйкес, ол 87 пайыздан аса дауыс жинаған. Кезекті саяси науқан сайлаушылардың белсенділігімен ерекшеленді. Ресми мәліметке қарағанда, сайлау құқығына ие азаматтардың 70 пайызы дауыс беруге қатысқан. Мұнымен президент Мирзиёев үшінші өкілетті кезеңге аяқ басқаны мәлім болды.

Президент жеңісі –
күтілген нәтиже

Бұл Өзбекстан тарихындағы кезектен тыс өткен алғашқы президент сайлауы болды. Анығында, Шавкат Мирзиёевтің алдыңғы өкілетті мерзімінің бітуіне әлі 3,5 жылдай уақыт бар еді. Бірақ бұдан екі-ақ ай бұрын Президент Мирзиёев кезектен тыс президент сайлауын жария етті. Оның себебін қазіргі күрделі жаһандық және өңірлік геосаяси жағдайлар мен ішкі әлеуметтік-экономикалық реформалардың қажеттілігінен туып отыр деп түсіндірген болатын. Соның алдында ғана Өзбекстан Республикасы Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген еді.

Сайлауға дейін де түгел дерлік сарапшылар Мирзиёевтің шартсыз жеңімпаз болатынын болжаған. Өзбекстан Орталық сайлау комиссиясының төрағасы З.Низамқожаев 87,05 пайыз дауыс беруші Шавкат Мирзиёевті таңдағанын мәлімдеді. Өзге үш кандидаттың ешқайсысы да 5 пайыздан артық дауыс жинай алған жоқ. Елдің сайлау заңында тек 50 пайыздан астам дауысқа ие болған талапкер ғана ел тізгінін ұстай алады. Жоғары соттың бұрынғы төрайымы Робахон Махмодова екінші орында 4,43 пайыз дауыс жинады. Өзге екі кандидат – Ұлықбек Иноятов (Улутбек Иноятов) – 4,02 пайыз; Әбдішүкір Хамзаев – 3,74 пайыз сайлаушының дауысына ие болған.



Елге жаңаша тыныс берді

Өзбекстан биыл 30 сәуірде референдум арқылы Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізді. Онда айтулы мәселелер де аз болған жоқ. Айталық, елдің сипатына қатысты бұрынғыдан ерекшелік отырып «Өзбекстан – әлеуметтік, құқықтық және зайырлы мемлекет» деп жазылған. Парламенттегі депутаттар саны 35 пайызға қысқартылды. Сондай-ақ, қазіргі Конституцияға сай, президенттің өкілетті мерзімі 5 жылдан 7 жылға дейін ұзартылды. Мұны кейбір сарапшылар биліктің президент қолына қарай мейлінше шоғырлануы деп бағалайды.

Шавкат Мирзиёев өзінің үшінші билік кезеңіне қадам басқанымен, референдумнан кейін сайланған президент қатарында тағы екі кезеңге сайлана алады. Бұл дегеніміз, биыл 65 жастағы Шавкат Мирзиёев алдағы 15 жыл ішінде билік басында болуы мүмкін дегенді білдіреді.

2016 жылы ел тізгінін ұстаған ол И.Каримов тұсындағы қатаң әрі пассивті билік формасына модернизация жасаушы ретінде танылды. Өрі елде әлеуметтік-экономикалық реформаларға жол ашқан саясаткер ретінде де аталды. Өрине, оның бұл қадамдары елге жаңаша тыныс берді. Ел экономикасы бұрынғыға қарағанда нарыққа бейімделе түсті. Оның бұған

дейінгі және қазіргі іс-қимылдарына қарай отырып жаңа билік кезеңіне де ықтимал болжамдар жасауға мүмкіндік бар.

Конституциялық референдум және кезектен тыс президент сайлауы өзбек елінде Мирзиёев билігін бекемдей түскені шүбәсіз. Бұны Мирзиёевтің жаңа билік дәуірі деуге де болатындай. Былайша айтқанда, ол ендігі жерде бекемделе түскен билік мүмкіндігін ел тарихындағы өзінің реформаторлық орнын көрнекілендіруге жұмсауы мүмкін. Айталық, реформаларды тағы бір сатыға көтеріп, қазіргі жаһандық және аймақтық сын-қатерлерге төтеп беру мен өзгерістерге бейімделуге талпынады. Дегенмен, бұл әрекеттерінің тиімді болатынын, әлде болмайтынын тек уақыт көрсетеді.

Аймақтағы оң істер

Бір геосаяси аймақ ретінде Орта Азия елдерінің бір-біріне ықпал-әсері көп. Соның ішінде қазақ-өзбек қатынасы аймақ үшін шешуші рөл атқарады. Тұтас аймақтың тұрақтылығы мен дамуында Астана мен Ташкенттің пікір ортақтығы аса маңызды. Президент сайлауының нәтижесі жариялана салысымен Қазақстан, Қырғызстан секілді көрші әрі бауырлас елдердің басшылары алғашқы болып құттықтау жолдауы да белгілі символдық мәнге ие.

Ал кейбір айырмашылықтарды айтпағанда, Мирзиёевтің билік жолы Қазақстанмен параллель бағытта екенін көреміз. Бұған конституциялық референдум, президенттің өкілетті мерзімін ұзарту, кезектен тыс президент сайлауын өткізу сынды қадамдарды мысал етуге болады.

Өрине, халық саны және географиялық мүмкіндіктерімен Өзбекстан аймақтағы ықпалды елдің бірі саналады. Мирзиёев билік басына келгеннен кейін, Ташкент өзінің аймақтағы көршілерімен ынтымақты бекемдей түсетінін баса белгіледі. Өрі аймақтағы сыртқы саясатында тұрақтылық, татулық ұстанымдарын ұстанатынын көрсетті. Бұл, әрине, аймақтағы елдер үшін аса маңызды еді. Ташкенттің бұл ұстанымы өзбек-қырғыз арасындағы шешілмеген шекара дауына нүкте қойды. Тараптар даулы территориялық мәселені келіссөз арқылы біршама сәтті шешіп шықты. Соның өзі аймақтың ішкі мәселелеріне жағымды әсер берді.

Естай БОЖАН,
сарапшы.

БАЙЫПТАМА

ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫ

Әзербайжан арқылы тасымалданады

Пердехан
ШАМШИЕВ

(Басы 1-бетте)

Мұнай тасымалына қатысты саяси шешім Әзербайжан президенті Ильхам Алиевтің елімізге жасаған ресми сапарында қабылданды. Осылайша мемлекет басшылары елдерімізге маңызды стратегиялық шешімге келді. Оны жүзеге асыру үкіметке тапсырылды.

Әлихан Смайловтың ресми сапары барысында «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ мен Әзербайжанның Мемлекеттік мұнай компаниясы арасындағы Қазақстан мұнайын Әзербайжан Республикасының аумағы арқылы тасымалдау бойынша стратегиялық ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Болашақта келісімге Грузия тарапы қосылады деп күтілуде.

Бұл бағытта Транскаспий халықаралық көлік бағытының әлеуеті бар. Себебі, ресми ақпарат бойынша жыл басынан бері 1 млн тоннадан астам жүк тасымалданған. Яғни өткен жылмен салыстырғанда, 64%-ға тасымал көлемі ұлғайған.

Транскаспий бағыты Қытай, Қазақстан, Әзербайжан, Грузия арқылы Түркияға өтіп, ары қарай Еуропаға алып баратын халықаралық транспорт дәлізі. Баку–Тбилиси–Карс теміржолы осы дәліздің бір бөлігі. Ұзақ уақыт бұл жобаға қызығушылық төмен болды. Алайда, өткен жылғы геосаяси және табиғи оқиғалар жобаға мемлекеттік деңгейде қызығушылық оятты.

Балама жолды іздеуге табиғи
апат себеп болды

Былтыр Ресей арқылы мұнайымызды тасымалдайтын Каспий құбыр консорциумы жұмысына қатысты дау пайда болды. 5 шілдеде Приморск аудандық сотының үкімімен консорциумның жұмысы 30 күнге тоқтатылды. Дегенмен, консорциум қарсы апелляциялық шағым түсірді. Сөйтіп, 11 шілдеде Крас-

нодар аймақтық соты аудандық соттың үкімін әкімшілік айыппұлға ауыстырды.

Алайда, консорциумдағы дағдарыс бұлай басталмаған болатын. Наурыз айының соңында ауа райының қолайсыздығына байланысты техникалық ақау орын алды. Табиғи апаттан материалдық-техникалық ақау пайда болды. Соның нәтижесінде елдің бюджеті біраз қаржыдан қағылды. Қаржы министрлігі апаттың шығыны 150 млрд теңгеге дейін жетуі мүмкін деп хабарлаған.

Көпвекторлы саясат
экономиканы да қамтуы тиіс

Каспий құбыр консорциумы Қазақстан, Ресей және ірі әлемдік өндіруші компаниялар бірлескен ірі мұнай тасымалдайтын жоба. Ол арқылы Қазақстан қара алтынның үштен екі бөлігін тасымалдайды. Ал жалпы консорциум арқылы тасымалданатын мұнайдың 80%-ы елімізге тиесілі. Сондықтан бұл жоба біз үшін маңызды.

Алайда, ешкім табиғи апаттан сақтанбаған. Егер ол орын алса экономикалық шығыннан бөлек, адам шығыны да болуы мүмкін. Сондықтан біздің көпвекторлы сыртқы саясатымыз экономика саласына да қолданылуы тиіс. Мұнай тасымалдайтын бағыттарымыз бірнеше болғаны тиімді. Алайда, Каспий құбыр консорциумы жобасынан толық бас тарта алмаймыз. Және де оның орнын толық басатын қазірге жоба жоқ. Себебі, Ресей территориясынан өтетін құбыр арқылы жылына 67 млн тоннаға дейін мұнай тасымалданады.

Транскаспий бағыты бойынша Баку–Тбилиси–Джейхан құбыры және Баку–Тбилиси–Карс теміржолы арқылы мұнай тасымалданады. Теміржолдан гөрі құбыр арқылы тасымал анағұрлым тиімді. Сарапшылардың пікірі бойынша, теміржол арқылы жылына 12–15 мың тонна мұнай тасымалданады. Ал Баку–Тбилиси–Джейхан мұнай құбыры 62 млн тонна тасымалдай алады. Алайда, қазірдің өзінде тасымал көлемі 60 млн-ға жетіп отыр. Өткен жылы Энергетика министрлігі болашақта тасымал көлемін 6–6,5 млн тоннаға дейін жеткізу жоспарда екенін мәлімдеген. Сондықтан осы жобаға мүдделі елдер тасымал көлемін арттыруда бір жағдан бас, бір жеңнен қол шығаруы тиіс. Ол үшін сырттан инвестиция тартылып, материалдық әлеуетін арттыру қажет. Мұнда Қытайдың инвестициялық қуатын қолданған жөн. Өрі Қытай сияқты алпауыт елдің жобаға қосылуы жобаның саяси-экономикалық әлеуетін арттырады.

Бізге экономикамыздың өзге де салаларына әртараптандыру саясаты қажет. Ол бюджет түсімінен бастап тауар тасымалына дейін жүзеге асқаны жөн.



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

ЖЫРТТЫҚ ШАЛБАР

жоқшылықтан ба, тоқшылықтан ба?



Қазіргі таңдағы моданы көріп таңқаласыз. Таңданыстан таңдай қақ жарылады. Бүгінде жас та, жасамыз та айрықша көрінуге құмар. Жарасымды болса бірсәрі, алайда көзіңізге оғаш көрінгенде, ол емес, сіз ұяласыз. Қашан жөнге келерімізді кім білсін?!

**Олжас
ЖОЛДЫБАЙ**

Жаһандану үдерісі ғаламды шарпып тұр. Барша әлемде жұтылу қаупі жүріп жатыр. Осыған орай адамның бәрінің стилі бірдей болып барады. Ұқсастықта шек жоқ. Қыз – ұлға, ұл – қызға ұқсауға ынтық. Ер мен әйелдің киімі бірдей. Біреуге барып бірдеңе деу – айып. Себебі, әркім өзі біледі. Капиталистік қоғамда ештеңеге шектеу жоқ. Уәж айтылса, қыңыр жауап дайын. Сондықтан аңдап сөйлеп, аяндап жүреміз. Бірақ ынғайсыздықты көргенде, шошисыз. Ол жағы құпия емес. Сананы баураған қатқыл ой осып түседі. Мұны айтпасақта тағы болмас. Қайран сөзің қор болса да, осыған келелі пайым айтатындардың болғаны абзал.

Тәрбие – тал бесіктен

Өңгімені әріден тартайын. Бұрынғы апа, жеңге, келін орамал тартқан. Ұзын етек көйлек киген. Қазақылықты сақтаған. Көп жағдайда әдептен озбаған. Үлкенді қадірлейді. Кішіге ізет білдіреді. Ер адамды бағалайды. Қыз баланы құрметтейді. Бәрінің өз орны бар.

Ұлттық мейрамдарда бәріміз қазақша киім киеміз. Ою-өрнек те сондай жарасымды. Бешпет, шапан, кимешек, саптама етік, камзол, нымша – баршасы үйлесімді. Сондай-ақ, шолпы, сырға, жүзік, сақина алтын-күміс араласып жарқырап тұрады. Көздің жауын алады. Менмұндалайды. Әсіресе, Наурыз тойланғанда көшпенді өмірге оралғандай күй кешеміз. Ақшаңқан қазақ үйдің келбетін суреттеуге сөз жетпейді. Төрт түлік, көкмайса – бәрі-бәрі тамаша.

Ғасыр бойғы дүниетаным жадымызда сақталған. Озыр қызыл империя жоюға тырысты. Бірақ санадан өшпеді. Жүрек түкпірінде қала білді. Дербестік алған шақта, біртіндеп ұмытқанымыз жаңғырды. Алайда, қитұрқы, жымысқы «орталықтандыру» идеологиясының салқыны қалып қойды. Кейбіріміз тілден, ділден қалдық. Соның салдарынан еліктеу күшейді. Өткенді мойындамау пайда болды. Тарихты жоққа шығару, импершілдік идеологияның құрығына құлдық ұру әлі де бар. Осыны түзейтін, тезге салатын кез жетті.

Осы күні аузы дуалы, ақылман ақсақал азайды. Қазақы бейнесі сақталған, «өлімнен де ұят күшті» дейтін, ұзын етек киген әжелер қалмай барады. Ендігі 20 жылда этно-фольклорға айналып кетпесе жарар еді. Бүгінде қазақшылықты сақтап отырған ата-апалардың жасы 70-тен асты. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев «қариялар азайып бара жатыр» деп жырлайты. Шынында да баласына ертегі айтатын, өсиетін қалдыратын үлкен кісілер сиреді. Олар көп болса, «ұят-аят» түгесілімес пе еді?!

Қазаққа «Қызды басқа үйде қондырма, ұлды өзге үйден тойдырма» дейді. Дархан, көреген ата-бабаларымыздың

нақыл сөзі – бұл! Тәрбиенің қолдан сырылғанын адамның сырты-ақ аңғартады. Осы мәселе қатты ойлантады.

Еліктеу түбі – құрдым

Өлгінде жаһандану жырын күйттедік. Әйгілі сәнгер Коко Шанель «мен адамдарға киім тігіп киіндірумен әлекпін – ал олар шешінуге әуес» депті. Сөзінің жаны бар.

Көшеге шыға қалсаңыз, түрлі жағдай, келенсіз қылық көресіз. Кейбіреу қара санын жалтыратып, шолтитып шорти киіп алады. Сондай жарасымсыз. Қыздың еркекшора, ұлдың қызтеке болғаны ұят. Ұлдар құлағына, мұрнына сырға тағады. Қыз бала денесіне тату салады. Онысын бақырайтып көрсетіп алады. Өте сұрықсыз көрінеді.

Біз сырттан келетін барлық қылық, сән, әдіс-тәсілді ой елегінен өткізейік. Арасынан қажеттісін өзімізге енгізейік. Әсіресе, Еуропаға еліктеп, жалаңаштануға құмартпайық. Көшедегілерге көз салсаңыз, шығыс пен батыс стилін бірдей көресіз. Біреу ыстық күнде тұмшаланып қымтанып алса, келесі біреу бар мүшесін жарқыратып көрсетіп, ұят-пұятты көзге ілмей жүре береді.

Киім әу бастан мәдениеттің тікелей көрсеткіші. Иә, қазір заманауи кезең. Бірақ бұл да өтеді. Жас өрендерімізді тәрбие тезіне салмасқа, ендігі жерде кешігіміз. Уақыт өтіп, санаға алабөтен жымысқы ой кіреді. Ол кезде бәрі кеш. Сондықтан еліктейтін нәрсе бар, еліктемейтін дүние тағы бар. Осыны естен шығармайық.

Жат қылық жарға жығады

Мода – заман талабы. Әйтсе де, әрнәрсенің шекарасын білген жөн. Сәнқойлық осы екен деп, әдепсіздікке ұласып жүрмесін.

Алматы – үлен мегаполис. Ешкімнің ешкімде шаруасы жоқ. Онысы жөн-ақ. Өйткені, таңертең жұмысқа, кешқұрым үйіне асыққан бір адам. Бәрі қарбалас.

Біз метромен «Шұғыла» мөлтек ауданына қатынаймыз. Баратын жер шалғай. Байқоңыр мен Бауыржан Момышұлы станциясына жеткенше біраз уақыт өтеді. Шығармашылық адамы болғандықтан, қоғамға зер салмай жүре алмаймыз. Осындай сәттің бірінде келенсіз бір көріністің куәсі болдық. Яғни үстіне футболка, шөлақ шалбар киген ұзын бойлы жігіт пен бір қыз мінді. Бір-біріне жабысып барады. Қыз баладан қызға тән нәзіктік байқалмады. Екеуі де құлағына, мұрнына сырға тағыпты. Бір қараған адам екі жігіт оғаш қылық жасап тұр деп ұғуы мүмкін. Ондайдың бетін аулақ қылсын. Біз қыз бен жігіт десек, көз алдымызға жарасымды жұп һәм махаббат елестейді. Негізі, ата дәстүрді бұзбай, табиғат берген қалыпты сақтаған дұрыс.

Көше еріккендер орны емес. Әсіресе, көпшілік жүретін жерде оғаш қылықтан көзді алып жүре алмайтын сәттерге ұдайы тап болып жүрміз. Орындықтың үстінде қыз бен жігіт айналасып, ынтызар шарманда күйге түсе береді. Айналадан үлкен кісі, ата-ана, бала-шаға өтеді деп елемейді. Өрімдей жасөспірімдер осылай істесе, түбі не болмақ?! Интернеттен көргенін қайталай берсе, қолда бар құндылығымыздан айырыламыз.

Қазаққа «Ет бұзылса түз себеді, түз бұзылса не себеді?» деген аталы сөз бар. Ал «қыз бұзылса... қайтеміз?». Онда тәрбиенің қолдан ысырылып түскені деп ұға беріңіз. Сонымен қоса, «Ұл бұзылса – отбасы, қыз бұзылса – ұлт бұзылады» деген тәмсіл кездеседі. Сол себепті, қыздың тәрбиесіне аса абай болған абзал. Осы күні қыз бала электронды темекі шегіп, бет-аузына татуировка салады, шашын бей-берекет бояп, ұл сияқты шашының бір жанын қырып алып тастайды. Ұл да жетісіп тұрған жоқ. Осындайлар көбейсе, ұлттың тамырына балта шабады. Сондықтан

қажетсіз әрекет жасап, жұрттың жүйкесін тоздырмау қажет. Бұл барша жастарға қарата айтылған сөз. Ата-бабамыздан келе жатқан текті ұрпағымыз азбасын. Барша айыпты тұрмыс-тауқыметіне жауып, өзіміз сүттен ақ, судан таза болмайық. Қартайғанда перзентіне керексіз болып, далада түнеп жатқан жаға ұстатарлық жағдайды байқап жүрген боларсыз. Осының бәрі ұрпақ тәрбиесімен айналыспағанның кесірі. Ондайдың бетін аулақ етсін. Батыстан мәдениетті емес, ғылыми технологияны игерудің қыр-сырын үйренейік. Рухани құндылық шежіремізде, өзімізде сайрап жатыр!

Тектілік қанымызда болғай!

Тақауда Ташкентке жол түсті. Шаһар керемет, тап-таза. Кептеліс аз. Барлық жерге метро қатынап тұр. Адамдары мейірбан. Жол сұрасаң, жөн сілтейді. Ең қызығы мынада: Киім арзан деген оймен дүкендерді араладым. Әйтсе де, аса бір айырмашылық сезілмеді. Әдепкіде өзбек тілін жөнді білмегендіктен, орысша сұрап жүрдім. Қызмет көрсетіп тұрғандардың бәрі дерлік жастар екен. Бәрінен «өзбекше сөйлесеніз...» деген сөзді жиі естідік. Бұрын Кеңестік кезеңнің өзінде солай істеп, әдет-ғұрпын сақтапты. Ал қазақша сауал берсеңіз, ризашылықпен тіл катады. Халқы ілтипат көрсете біледі. Жергілікті қандас қазақ ағайындарды да жиі ұшырастырдық. Бізді байқап, қазақша тілдесе жөнеледі. Ашық-шашық жүргендерді көре қоймайсыз. Сөйтіп, өз келбетін ұлықтаған елді аралап, риза болып оралдық.

Шетелден келіп ұлттық киімдерімізді киіп, 3-4 айда қазақша тіл сындырып жүрген шетелдіктер қазақы салт-дәстүрімізге қызығады. Онысы бекер емес. Сырт жақтын адамына заманауи болу – қызықсыз. Ол этаптан өткен. Ал біз өз қадірімізге өзіміз жетейік. Қазір заманауи кез екенін түсінеміз. Алайда, ретсіз жолға салынбайық. Осы күні ұлттық киімдеріміз заманауи стильде тігіле бастады. Қоғамдық орында ою-өрнегі келіскен киіммен сәнді де мәнді киінсек, жарасады ғой. Оны тек қана Наурызда киіп, жыл бойы сандық пен қоймада жатса, ондай көзбояушылық кімге керек?!

Өз арамызда өмір сүріп жүрген этностардың кейбіріне зер салайықшы. Қап тауынан қиын-қыстау шақта жер аударылып келгендерге көңілің тояды. Өзінің салт-дәстүрін сақтайды. Келіндері үй мен сыртта да орамалын, ұзын көйлегін тастамайды. Көбіне өз ұлтының киімін киінеді. Тіл, ділге берік. Тарихи Отанынан жырақта жүрсе де, түпкі негізін сақтап келеді. Рухани жауһарларын әспеттеу жағына келсек, бізге үлгі аларлық қырлары да жетерлік. Ойланайық?!

Қазақтың білекті, жүректі, намысшыл ер-азаматтары аман болсын. Қылықты, ұяндықты сақтаған, беттен алып төске шаппаған бойжеткен қатары артсын. Сонда ғана аумалы-төкпелі шақтан аман-есен өтеміз.

● ТҮЙІН:

Бір нәрсе анық. Сыртқы кескін-келбет барлығын аңғартады. Бәріміз психолог болып барамыз. Жүріс-тұрыс, сөз саптау – баршасына ел көз тігеді. Ел арасында «Қисық арба жол бұзады» дейді. Соның кері келіп жүрмесін. Жасқа да, жасамысқа да сана берсін. Ең бастысы – ұят болмасын. Сан ғасырлық тарихымызды тек қана әлеуметтік желіден көріп, түгелдей фольклорға айналып кетіп жүрмесін. Болашақ әрбіріміздің қолымызда, ағайын. Алтын дінгек мықты болсын!



ҰЛТТЫҚ КЕЛБЕТ

Әріптесіміз кеше үкілеп өсірген қызын ұзатты. Сөйтіп, құтты орнына қондырды. Қыз баланың орнын, теңін тапқаны ата-ана үшін қуаныштың төресі. Сол қуанышқа біз де ортақтастық.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Үкі ТАҚҚАН ҚЫЗ



Үкілі тақия киген қалыңдық той үстінде құрбыларына өзінің ақ жолын тілеп, білектеріне үлгілдеген аппақ үкі тағып шықты. Сондай бір әдемі көрініс! Қырық қызды бір гүлге таластырып қоймай, осылайша үкілегені талай көңілді қуантқаны анық. Бұл да еуропалықтардың иықтан асырып гүл лақтыру үрдісін тежеудің бір қадамы іспетті болып көрінеді бізге.

«ОЛЖА АЛУ»

Үкі тағу қазақ қоғамында бұрыннан бар дәстүр. Соны жаңғыртып, ата-баба дәстүрін жалғап жүрген жастарға ризамыз. Әрине, бүгінгі жаһандану заманында үкінің жасанды қауырсынын пайдаланып жүргеніміз рас. Бірақ ең бастысы, баба жолын үзіп алмай, жалғап жүрген ниетіміз түзу.

Үкі қауырсыны демекші, өткенге шегініс жасар болсақ, ерте заманда үкіні амалын тауып ұстап, балағы мен бауыр тұсынан мамық жүнін құсқа зиян тигізбей жұлып алып, сосын өзін жемге тойғызып қоя беретін болған. Оны «үкі жүндеу» деп атаған екен. Үкі жүндеген ауылдан «олжа алу» салты да болған. Қауырсыны үшін оны ешқашан өлтірмеген. Өлтірген адамды киесі ұрады деген түсінік болған.

Оның киелі саналатын қауырсынын әсемдік үшін тағумен қатар, қасиет бар екендігіне де сенген қазақ, мәселен, жын-шайтаннан қорғайды деген наным-түсінікпен жаңа туған сәбидің бас киіміне және бесігіне таққан. Ал көбінесе арулардың тақиясы мен сәукелесіне тағылған.

БЕСІК ҚҰДА

Қазақ қызға құда түскенде оған үкі таққан. Бұл – оның ендігі жерде айттырылған қалыңдық болғандығының белгісі. Яғни үкі тағу – бойжеткеннің айттырылған жері бар екендігін көрсететін кәде. Ал қазір бұл кәде «сырға салу» салтымен алмасты. Бұл да бізге бөтен емес.

Ата-бабамыз «бесік құда» болған кезде де бесікке үкі тағып кететін болған. Қыз баланың бесігінде үлгілдеген үкі тұрса, оны «тіл-көзден сақтау үшін ілген» немесе «бесік құдалықтың» белгісі деп түсінген. Сөйтіп, үкі тағылған қыз баланың төңірегінде осы кәдеден кейін ешқандай басы артық сөз орын алмайтын болған. Тіпті, ауылдың бозбалалары, жігіттері оның абырой-атағын өз қарындасындай қорғап жүретін болған көрінеді.

Ал жас келіндер үкіні сәндік үшін екі бұрымына қадаған екен. Қазір байқасаңыз, жаңа түскен келіншектер екі тұсында үлбіреген аппақ үкісі бар орамал тағып жүр. Қарап көз қуанады. Жас келіннің екі иығынан құлаған аппақ үкілер үлгілдеп, үлкен өмірге енді ғана қадам басқан, қулық-сұмдықтан, жамандықтан ада келіншектің аппақ ниетін, жастығын, мәртебесін үстеп тұратындай көрінетіні бар маған. Қазақ үкіні жамандықтан, тіл көзден сақтайды деген наным-сеніммен бірге, адамның көркін ашып, өзгелерден ерекшелендіріп көрсететіні үшін де таққан.

КӨЗ ТИМЕСІН

Қыз-келіншектерден бөлек, қазақтың көпшілік алдына жиі шығатын сал-серілерінің, әнші-жырауларының арасында да үкі қауырсынын бөрікіне, домбырасына тағып, елден дараланып жүргендері болған. Ондағысы, әрине, жаманның сөзі һәм көзі тимесін дегені. Үкі тағылған бұйымдарға пәле-жала жоламайды, қайта олжа, жақсылық әкеледі деп иланған. Мәселен, ақын Ыбырай Сандыбайұлын халқымыз «Үкілі Ыбырай» атап кеткен. Себебі, ол «Бөрікіме үкі тағып, сәндеп киіп...» деп өзі жырылағандай, қазақтың сал-серілеріне тән ортақ қасиетті ұстанып, бас киіміне үнемі үкі тағып жүрген. Біржан сал Қорамсаұлының да бөрікіне үкі таққаны тарихтан белгілі. Ақан серінің домбырасы да үкісі болмаған.

Сондай-ақ, ертеде сыйлы және қадірлі мейманына да үкі сыйлау дәстүрі де болған деседі. Тағы бір деректерде құрсақ көтере алмай жүрген әйелге үкінің ұясын алақанымен сипататыны туралы айтылады. Ата-бабамыз киіз үйдің босағасына, тіпті төрт түлік малдың жаңа туған төліне де көз тимес үшін үкі тағып қоятын болған екен.

БАҚЫТТЫ БОЛ!

Алматылық көпбалалы ана Райхан Молдиярқызы төрт ұлдың арасында жалғыз өскен еркесі Раушанын ұзатқанда қатты толқығанын айтады.



Суреттер галереядан алынды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Бақыт БЕДЕЛХАН, ақын:

САЛТ-ДӘСТҮРІМІЗ ТҮНҒАН ІЛІМ

Өзі кішкентай ғана үкі. Соны кейбір біздің діндарларымыз, шала сауатты сопыларымыз, тақуаларымыз «үкі деген – Құдайға серік қосу» деп жүр. «Осы үкіні тақса, домбыраның үні гәжап шыға ма соншалықты» деген сияқты әңгімелер айтады. Мен айтамын, «айналайын-ау, үкінің ұясын көрдің бе өзі?» деп. Үкінің ұясы бір құшақ болады. Оған шыбын-шіркей түгілі, шаң қонбайды. Осындай үлгілдеген таза қауырсынды ұясынан алып, натишалардың қызына жастық жасап берген, «түсінде жұмақты көрсін» деп. Ал біздің қазақ кішкентай баласы жатқан бесіктің басына томардай қылып үкі тағады, сосын өздері алаңсыз тіршілігімен кете береді. Баланың аяғы шыға берген кезде де, аяғын керегеге байлап қойып, арқасына томардай үкі тағып, шешесі сырттағы тірлігіне шығып жүре берген. Керегеден жылан кіреді, қарақұрт кіреді дегендей. Ал үкінің қауырсынына жылан жоламайды, қарақұрт жоламайды, шыбын-шіркей де жоламайды. Үкіні қазақ бесікке сәбиінің қауіпсіздігі үшін таққан. Осы өсиеттің бәрін әжселеріміз бен шешелерімізден естіп өстік. Зерттеп қарасақ мұның бәрі көнеден жеткен қазақтың танымдық, философиялық дүниелері. Олардың барлығы ғылыми дәлелденген нәрселер. Салт-дәстүр, ырым-тыйымның барлығы да түнған ілім.

– Өзім кемпір-шалдың қолында өскен қыз едім. Қазақтың ежелгі жөн-жоралғысының біразын білемін. «Аттан жығылсақ та, салтан жығылмаған» халықтың ұрпағымыз ғой. Мен де алғашқы қуанышым, төлбасым деп, тұңғышымды қазақтың салт-дәстүрімен ұзаттым. Болашақ құда-құдағым орыстілді, қалалық екен. Бірақ менің аналық ықылас-ниетімді түсінді, қабылдады. Қызымды үкі тағып, сырға салу дәстүрімен ұзатып салдым. Шаңырағымда көптен ондай сән-салтанатқа толы той болмаған еді. Жүрегім жарылардай қуандым. Күйеуім ерте қайтыс болып кетіп, бес баламды жалғыз жеткіздім. Өмірде көп қиындық көрдім. Осылардың қабағына көлеңке түспесін, бөтен еркекке жәутендемесін деп, тұрмыс құру таралы мүлдем ойлаған жоқпын. Оған еш өкінбеймін де. Бақытым –

балаларым. Енді ұлдарымды үйлендіретін кезде, мен де болашақ келіндеріме үкі тағып, сырға салу дәстүрін міндетті түрде жасайтын боламын. Біз қазақтығымызды жоғалтпауымыз керек. Ол үшін жастарға өзіміз үлгі болғанымыз дұрыс деп ойлаймын.

ҒАЖАП ҚҰС

Әдет-ғұрпымыздың айнымас бір бөлігіне айналған, осынша киелі саналатын бұл қандай құс? Сол жөнінде де бірер сөз айта кетсек.

Үкі – өте сәк, сұлулығын көрсете бермейтін құпиясы мол, тырнағы өткір, жапалақ тұқымдас, көлемі сұңқардай, мойын, кеуде, балақ, арқа жүндері үлгілдеген әдемі, қанаты түрлі-түсті, ғажап құс деседі көргендер. Шамамен 6–12 жыл өмір сүреді. Қолға үйретіл-

ген кейбір түрлері 30–40 жыл жасайды екен. Ол түнде ұшып, күндіз тығылып отыратын құс. Жарықта көзі дұрыс көрмейді.

Қазақтың тағы бір аңызында үкі мен қарғаның айтысы баяндалады. Қарға үкіге өзінің көп жасайтынын айтып, мақтанған екен. Сонда үкі «Арайлап атқан таңды көрдім. Қызарып батқан күнді көрдім. Қыста аппақ қарды көрдім. Көктемде жасыл желек жерді көрдім. Таңдап қосылған жұбайымды көрдім. Ақ үрпек балапандарымды көрдім. Осының бәрін жүздеген рет қайталап көргеннен не табамын?! Жаратқанның осы мүмкіндігіне шүкір! Сен сияқты өлексе мен бөк шоқып, 300 жыл жүргеннен сақтасын. Үлбіреген ақ-сүйек қалпымыз ештеңеге айырбастамаймын» деген екен.

Айтпақшы, ну орманда адасқан адамдар үкінің қанатының қағысымен жүріп отырса, орманнан аман шығатын көрінеді.

ЖОЛ БАСТАУШЫ

Топан су тартылып, таулардың төбесі көрінеді. Асқар таулар:

– Нұх маған тоқтайды. Адамзат ұрпағы менен қайта таралады, – деп таласады. Тұран даласындағы Қазығұрт тауы кішіпейілдік көрсетіп:

– Бұл дәрежеге лайық емеспін. Ұлық Алла пайғамбарын биік тауға тоқтатар, – дейді. Алла Тағала Қазығұрттың пейіліне риза болып:

– Нұх, кемені Қазығұртқа қондыр. Тіршілік сол жерден басталсын, – деп әмір береді. Нұх:

– Қазығұрт тауы қайда? – деп сұрайды. Ұлық Алла сонда «үкі» деген құс жаратып:

– Мына үкіні қасына ал. Оның көзі өткір, түнде көреді. Қазығұртқа баратын жолды сол біледі, – дейді. Үкі Қазығұртқа жеткенше кеменің алдында жол көрсетіп ұшып отырады. Нұх Қазығұрт тауына аман-есен тоқтайды. Кеме тоқтаған соң пайғамбар кіші ұлы Жаппасқа «Осы жерге қазық ұр!» деп бұйырды. Үкіге риза болған Нұх пайғамбар:

– Орман-тоғайдың иесі бол! Шаңырағымның киесі бол! – деп бата берді. Содан үкіге айрықша кие дарыпты. Адамдар оның қауырсынын «тіл-көз тимесін» деп баланың бесігіне, қыздың бөрікіне тағатын болыпты («Әл-диден эпосқа дейін»).

БАЙЛЫҚ ӘКЕЛЕДІ

Әлемде үкіні қасиетті құсқа балаған халық аз болмаған. Мәселен, бенгалдықтар әлі күнге үйіне ақ түсті үкі кірсе, молшылыққа кенелеміз деп сенеді. Ал Қытайда күн қатты күркіреген кезде, найзағайдан сактайды деп, үйінің әр бұрышына үкі бейнесін орналастырады екен. Олар тіпті үкі байлықтың, табыстың белгісі деп есептеген. Ал калифорниялық үндістер биік ағаштардың қорғаушысы деп құрметтейді. Үнділердің сенімі бойынша, үкі қайтыс болған адамның жаны тәнінен ажыраған соң, оны о дүниенің есігіне дейін күзетіп жеткізетін құс боп саналады.

Ежелгі майяларда биліктің символы ретінде бағаланды. Ұрыста ерлігімен көзге түскен апачилер үкінің қауырсынымен құрметтелетін болған. Ал Африкадағы кейбір тайпалар үкіні көзбайлаушылар мен дуагерлердің құсы деп санайды екен. Франциядағы Лотарингияның оң жақта отырып қалған қыздары тылсым күшке сенгендіктен орманға барып үкіден болашақ жарын кездестіруді сұрайтын болған. Ал гректер ертеде үкінің суретін ақшасына бедерлеп салған көрінеді.



ТҰСАУКЕСЕР

КӘСІБИЛІКТІ АРТТЫРАДЫ

Алматы академиясында ұйымдасқан қылмысқа қарсы іс-қимыл бойынша мамандарды даярлау орталығы ашылды

ІІМ Алматы академиясында ұйымдасқан қылмысқа қарсы іс-қимыл бойынша мамандарды даярлау орталығы ашылды. Ол Ішкі істер министрі Марат Ахметжановтың тапсырмасы бойынша ашылған. Онда полицейлерге академияның білікті профессорлық-оқытушы құрамы аталған бағыттағы жұмыстың дағдысы мен ерекшелігін үйрететін болады.



Аталған орталық жедел уәкіл қызметкерлердің кәсібилігі мен білімін арттыруға мүмкіндік береді.

Іс-шараға Алматы қаласы полиция департаментінің бастығы Арыстанғани Заппаров және ҚР ІІМ Алматы академиясының бастығы Айдар Сайтбеков қатысты. Ашылу салтанатынан соң, орталықта көші-қон бойынша Халықаралық ұйым миссиясының және Орта Азиялық өңірлік акпараттық үйлестіру орталығының өкілдерінің қатысуымен «Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес» тақырыбында «дөңгелек үстел» жиыны өтті. Жиында алдағы уақыттағы жұмыстар жоспары мен оқыту формасын жетілдіру туралы мәселелері талқыланды.

Ішкі істер министрлігі ұйымдасқан



қылмысқа қарсы күрес департаментінің басшысы, полиция полковнигі Қанат Нұрмағамбетовтың айтуынша, республика бойынша полиция департаменттердің жанында түрлі қылмыстық топтар мен элементтерді құрықтауға, олардың алдын алу мен жолын кесу бағытында арнайы бөлімдер қызмет етеді. Алайда, әр кезеңде де жедел уәкіл қызметкерлерінің кәсібилігі мен білімін жетілдіріп тұруымыз қажет. Сондықтан ІІМ Алматы академиясында ашылған арнайы оқу орталығы осы бағытта үлкен септігін тигізеді.

«Дөңгелек үстел» жиыны Қазақстан Республикасы Халықаралық көші-қон ұйымы Миссиясы басшысының орынбасары Сурен Ундраа ұйымдасқан қылмыстарға қарсы күрес бағытында нағыз мамандарды даярлап шығару бастамасын қолдады.

Сонымен бірге, іс-шараға Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткі және қылмыстар жөніндегі басқармасының өкілі Гүлнұр Болыспаева, Орталық Азия өңірлік акпараттық-үйлестіру орталығының басшысы Атагельды Язлыев қатысты.

ҚАҢТАР ҚАСІРЕТІ

Қаңтар қасіретін ел-жұрт ұмыта қойған жоқ. Ел басына төнген қауіптен берік бірлігіміз, ынтымақты татулығымыз алып шыққаны ақиқат. Ақиқатты айтпасақ болмайды. Айтпағымыз, сол қаралы қаңтардың қысталаңын өнер шеберлері өздерінің туындылары арқылы бейнелеуі. Сол ойдың жетегімен, көріністі көзбен көрмек ниетпен еліміздің Орталық мемлекеттік музейіне бас сұқтық.

ЕРЛІК – ӨНЕР ТУЫНДЫСЫНДА



Айнабай
мәди

Алдымен «Алма палитрасы» қауымдастығы шеберлерінің туындыларын нысанаға алдық. Шығармашылық бірлестіктің қоржынынан шыққан көптеген көркем жобаны көрдік. Кезекті жобаның бірегейі Алматыға арналыпты. «Менің Қазақстаным – менің отбасым» көрмесі 35 авторды біріктірген. Олардың әрбірі өзінің шырайлы шаһарына деген сүйіспеншілігін білдірген.

«Айналамыздағы әсем көріністі бағалаумен бірге, ынтымақты өмірді сезіну – бұл да бір бақыт. Күнделікті қарбалас арасында сүйікті хоббиімізге де ден қоямыз. Біз үшін бастысы – бейбіт заман. Қолда бардың қадіріне жету қажет, – деген көрме кураторы әрі қатысушысы Лидия Дроздованың сөзі айна-қатесіз.

Қасірет айтып келмейді. Бірақ өткеннің өкініші ұмытыла қоймайды. Көрмеден Алматыдағы қаңтар оқиғасына арналған картиналарға көз жүгірттік. Қасіретке көз жүгіртіп қарау мүмкін емес, үңіле түстік. Бұл – ерлі-зайыпты Лидия Дроздова мен Игорь Гушиннің еңбектері. Олар өз суреттерін көрме аяқталғаннан соң Орталық мемлекеттік музей қорына тапсырыпты.

Л.Дроздованың кенепке жазған жұмысында Орталық мемлекеттік музейі бейнеленген. Картинада – мұражай қызметкерлерінің ғимарат ішіне ентелей кіруге тырысқан тонаушыларға қайсарлықпен қарсы тұрған сәті. Ерік-жігер намыспен белін бұғандай. Тәуекелге бел бұған қиын сәтте ешкім ерлік жасаймын демейді. Қылқалам шебері Ерлік деген қасиетті картинада ерекше бейнелеген. Өнер туындысы өр мінезбен ерлікке бастаған.

БРИФИНГ

ЕЛДЕ БІР АПТАДА 2738 ҚЫЛМЫС ТІРКЕЛГЕН

Бұл туралы Ішкі істер министрлігі баспасөз қызметінің өкілі Шұғыла Тұрлыбек айтты.

«Бір апта ішінде 2738 қылмыс жасалды, оның 1651-і тәулік ішінде ашылды. Полиция қызметкерлері «ізін суытпай» 10 кісі өлтіруді, 4 өлімге әкеп соққан денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіруді, 3 қарақшылық, 29 тонау және 402 бөтен мүлікті ұрлау қылмыстарын ашты», – деді Ш.Тұрлыбек министрліктің баспасөз алаңында өткен брифингінде.

Сондай-ақ, өткен аптаның соңында Премьер-Министр Әлихан Смайылов Елдегі нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023–2025 жылдарға арналған Кешенді жоспарын бекіту туралы Үкімет қаулысына қол қойды. Бұл құжат Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Өділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында берілген тапсырмаларды іске асыру кезінде әзірленген. Онда қазіргі заманғы әлемдік есірткі қаупінің ерекшеліктері ескерілді,



атап айтқанда, психоактивті заттардың жаңа түрлерінің үлесі артуы, есірткіні өндіру және таратудың соңғы әдістері қаперге алынды. Құжатта заңнамалық және нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, қазіргі заманғы есірткі бизнесінің сын-қатерлеріне қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыру, халықаралық ынтымақтастықты нығайту, қазақстандық қоғамның есірткіге бейімділігі деңгейін төмендету көзделген.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

17 МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМЫ лицензиясынан айырылды

Қазақстанда микронесие беру секторында 252 микроқаржы ұйымы жұмыс істейді. Мұндай деректер «Ашық НҚА» порталында «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне қаржы ұйымдарының қызметін реттеу және қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқығын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» құжатта қамтылған.

«Микронесие беру секторында 252 микроқаржы ұйымы өз қызметін жүзеге асыруға лицензия алған, бұл ретте 2022 жылдың басынан бастап 17 компания лицензиясынан айырылды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы заңнамасында Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің қаржы ұйымының әрекеті не әрекетсіздігі мәжбүрлеп таратуға немесе оны банкрот деп тануға әкеп соққан тұлғаларды есепке алуды жүргізу мүмкіндігі көзделмеген. Осыған байланысты олардың өзге қаржы ұйымдарында басшылық лауазымға орналасуына жол бермеу мақсатында осы тұлғалардың есебін және бақылауын жүргізуді ұсынады. Осылайша уәкілетті орган жосықсыз адамдардың қаржы секторындағы лауазымдарға орналасуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдай алады», делінген құжатта.

Бетті әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ЕСТЕН КЕТПЕС КЕЗДЕСУ



Қазақтың қабырғалы қаламгері Қадыр Мырза-Әлі – балаларды жан-тәнімен түсініп, осы бір нәзік тақырыпта да асқан сезімталдықпен тамылжыта қалам тербеген ақын. Орыстың атақты сыншысы Виссарион Белинский: «Балалар жазушысы болып қалыптасу қиын, ол үшін туабытты қабілет қажет» депті. Сол айтқандай, Қадекең де балалар ақыны боп туған адам.

Қадыр аға «Алматы ақшамының» белсенді авторы болатын. Газет бетінде жарияланған Қад-ағанның кейінгі шыққан кітаптарынан үзінділерді, сондай-ақ «Әр елдің заңы – әр басқа» секілді сериялы материалдарын оқырман іздеп жүріп оқитын.

Қадыр ағамыз, шынында, жады мықты кісі-тін. Әдебиет пен тарихты айтпағанда, кез келген мектеп бағдарламасы көлеміндегі математикалық формула мен есептің шешімін оң-оңай тауып беретін. Тіпті, түбірасты сандардың шешімін табанда табатыны таңқалдырды.

Қазір каникул кезі. Балалар асыр салып ойнап, жаз қызығын бастан өткеруде. Балаларымыз үнемі ойын қуып, қызығына батқанша, бір сәт өткен сабақтарына да шолу жасап, келесі оқу жылына әзірлікті ұмытпағаны дұрыс-ау. Оған бүгінгінің балаларының мүмкіндігі де мол. Бала психологиясын жетік меңгерген ақынмен, көзден кетсе де, көңілден кетпеген кемеңгермен кездескеннен кейінгі жадымызда қалған естелікті жариялағанды жөн көрдік.

Айнабай
МӘДІТҮБІРАСТЫ САНДАРДЫ
ТАБАНДА ТАБАТЫН

Ол кезде Қадыр ағамыздың келіні Бақтыгүл «Алматы ақшамында» терімші боп жұмыс істейтін. Сол Бақтыгүл ұзақ күткен сәбиін аман-есен босанған болатын. Мүсілім атты немерелі болған Қад-аға араға бірнеше ай салып, көңілді күйде: «Сендерге, «ақшамдықтарға» бір шәй беріп жіберейін» депті. Салып ұрып кешқұрым ақынның үйіне таяу орналасқан «Еламан» кафесіне қонаққа жетіп барғанымыз күні кеше сияқты.

Шайға дейін де, шәйден кейін де Қад-ағанның әсерлі әңгімелерін ерекше ынтызарлықпен тыңдадық. Тіпті, ол кісі үзіліс кезіндегі әңгіме арасында мектеп бағдарламасында оқылған жаратылыстану, гуманитарлық пәндерден жан-жақты хабардар екенін байқатты. Математикалық теорема мен аксиомаларды жатқа соғып, геометриялық фигуралар ережесін ерекше есте сақтағанын аңғартты. Тіпті, түбірасты сандарды тапқанда, қатты таңғалтты. Әріптесіміз Ермахан аға (марқұм) Қад-ағаннан қалысар емес. Бірнеше қателіктен кейін ағасын амалсыз мойындаған.

Ол кезде Райымбек ауылында тұратынмын. Жоғары күрежолмен кетіп бара жатып шаруаның жайымен Кәмен елдімекеніне анда-санда аялдайтын әдетім бар-тын. Бірде сол баяғы «Еламан» кафесі маңында Қад-ағанмен жолығып қалдым. Хал-ахуал сұрасып, әңгіме-дүкеннің қызығымен кафеге ендік. «Қатар-құрбы бас қосқанда әйелдерінің будақ-будақ ақшаны базарға, дүкенге апарып, әп-сәтте тауысатыны жайлы әңгіме болғаны бар. Сондай бір кезде, Қад-аға, сіздің: «Әйелге берген ақшаның болашағы жоқ» деп жазған әдемі фразаныңды достарыма айтып, күлдіріп алғаным бар» дедім.

Салған жерден «Айнабай, сенің келіншегің қай ауылдың қызы?» деп қалды. «Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданынан» дедім. Қад-ағаның ойлы жүзінен бір жылылық байқағандай болдым. Ол кісінің

сол аймақтың көршілес Сырым (бұрынғы Жымпиты) ауданында туып-өскенінен хабардармын. «Е, – деп Қад-ағам даусын кенеп алып, әңгімесін жалғады. – Қаратөбе Қаратөбе болғанда Ақтөбенің аты аталмайтын. Әкем сол Қаратөбеде біраз уақыт қызмет еткенін айтып отыратын...» деді де, үнсіз қалған. Марқұм әкесін есіне алды, білем. Сонау бұлдыр балалық шағын көз алдына келтірген де болар.

Қад-аға ана жолы мектеп бағдарламасы бойынша қойылған сауалдарға мүдірмей жауап бергеніне қайран қалғанымды жасыра алмадым. Себебін де сұраған болдым. Қадыр аға сөзін жалғады. Өзі үшін мектепте алған білімінің бағасы қымбат болған. Әкесі марқұм ес білгелі бері сырқат болыпты. Ауруханадан шығып, бір уақ үйде болғасын ол жаққа қайта оралады екен.

«Дертімен арпалысқан шерменде байғұс анам екеуімізге қайдан баспана тұрғызсын. Соғыстан соңғы қиын шақ. Анам екеуіміз әркімнің жатаған ескі тамдарында тұрып күнелттік.

«Әкең әлі-ақ жазылып шығады. Сосын керемет етіп үлкен үй тұрғызады. Әдемі есігі, әдемі терезесі бар зәулім үйде тұратын боламыз», – деп, анам мені үнемі жұбатып қоятын». Сондағы анасынан естіген ертегінің, болашақ арманының кереметі, биігі, Құдай деп айттайын, сол болған шығар. Анасы айтқан таңғажайып тұрмыстың тезірек іске асуына өзінше асығатын.

«Тәтті қиялмен жатып ұйықтап кетемін. Ұйқыға бас қойғанда анамның көзінен аққан ыстық жас бетіме тиетін. Ол-ол ма, түсімде ылғи әкем тұрғызған биік үйді жиі көретінмін. Әкем, шешем үшеуіміз нағыз жұмақтың төрінде жүргендей болатынбыз. Бақыттың не екенін түсімде сезініп, қиялымда көргендеймін. Ертесіне де сол әңгіме қайталанатын. Мен асыққанмен, уақыт асыққан жоқ. Болашаққа зарықтырып, тағатты тауысқан кездер кезегімен өтіп жатты.

Мен қанша күткенмен әкем ауруханадан шығып, бізге үй салып берген жоқ. Келсе де түні бойы күркілдей жөтеліп, ыңқылдап танды атырып, ертесіне ауруханаға қайта кететін. Келген кезде үмітпен нұрланып, мәзі-мейрам болып қалған көңілім әкем қай-

БІЛІМНІҢ
БАҒАСЫ

немесе оқуға деген ұмтылыс



та ауруханаға кетіп бара жатқанда қатты жабырқап қалатын. Әкемнің түріне қарап бала болсам да, қиялымның ауылы тым алыста, орындала қоюы екіталай екенін сездім» деген Қадыр ағаның даусы дірілдеп кеткендей болды.

Содан қысылды ма, қайдам, үнсіз отырып сөзін сабақтады: «Әкем марқұм үй тұрғызып бере алмады. Өз арманы да, ертегідей көрінген менің арманым да қайтыс болған әкемнің бейнесімен бірге сағымға сіңді де кетті. Орындалмаған, бірақ орындауға болатын арманға деген құлшыныстың әсері болар... Әлде, соғыс зардабын сезінген ұрпақтың оқуға деген ұмтылысы солай ма, білмеймін... Әйтеуір ұстаздардың әр сөзін мүлт жібермей, жерден жақұт тергендей оқуға аса ынталы едім. Өте жақсы оқыдым десем болар. Бағаға емес, білімге деген асқан ынтызарлықпен. Сыныптастардың ішіндегі ең кішкентайы, ең озаты мен екенмін. Мектепке кетіп бара жатып артыма бұрылғанда, анам марқұмның жанарын жасыра жалт бұрылғанын ылғи байқайтынмын. Әркімнің ескі-құсқысын киіп, құлдырандап бара жатқан түріме қарап өзегі өртенетін шығар, бәлкім.

Бірде мынадай жағдай болды. Күз бе, көктем бе, дәл қазір есімде жоқ. Бір топ баланың соңында шүберекке орап алған кітаптарымызды қорғаштап (ол кезде пәпкі деген нәрсе түсімізге кірмейді), қиғаштап, себелей жауған қарлы-жаңбырға арқамды беріп, кітаптарымызды қорғаштап келе жатқанмын. Кенет, шеткі терезеден қалбаң еткен ақ киімді адамның сұлбасы көрінгендей болды. Манаиды барлап қарасам, аурухана-ның тұсы екен.

Әлгі терезеге білдірмей көз қиғын салдым. Сөйтсем... қу сүйекке айналған жүзімен әйнекке ұмсына түсіп, түрі тірі әруақтай қорқынышты адам біздерге қадала қарап тұр екен. Өзгелер онша байқай қоймады. Әлгі адам аурудың азабы бүкіл нәрін сорып алып, құр сүйекке айналған – менің әкем еді.

Бізге ұй салып беруді армандамақ түгілі, әрбір атар таңы мен батар күнімен бірге тіршілік шырағы сеніп бара жатқан шағы... Бейшара күйде осы ауруханада өмірінің соңғы күндерін өткізіп жатқан әкем терезеге бетін тақап, мен жаққа үздіге үңіліп жылап тұрды. Жүрегім езіліп кетті. Кітабымды құшақтаған күйі, жерден басымды көтермей мен де жыладым.

Әкем жаққа енді қарамауға тырыстым. Бірақ қалай қарамассың!? Көзімнің қиығымен сығалап келем. Мен терезенің тұсына жақындап келіп, өтіп бара жатқанда әкем қабырғаға арқасын сүйеген күйі ары қарай алыстай берді. Өзімді-өзім әрең ұстадым.

– Әке! – деп айқайлағым келді. «Әкетайым» деп мойнына асылып құшақтағым келді.

– Сен жыламашы, әке. Ауруыңнан тезірек сауығып кетші! Зәулім үйді мен әлі саған тұрғызамын, әкетай! дегім келді. Бірақ оның бәрі тек ойымда қалды. Онсыз да ауруы мен өзегін өртеген күйігі жанын жегідей жеп, азапта тұрған байғұсқа ондай сөздің өзі ауыр соғатынын бала болсам да

түсіндім. Әкем содан кейін көп ұзаған жоқ. Арбасқан дерті ақырында алып тынды.

Мен талай зәулім үйлерде тұрдым. Анам марқұмға да, жарым мен перзенттеріме де қолымнан келгенінше уайым-қайғысыз өмір сыйлағым келді. Әрбір қуанышқа кенелген сәтімде әкемді есіме алушы едім. Тағдырдың менің әкеме соншалықты қатал болғанына налушы едім.

Иә, небір кез өткен екен-ау басымыздан. Үйде жары мен перзенті, өзі ауруханада егіліп қасіреттің уын татқан жалғыз менің әкем бе еді!? Ал енді сөйтіп өмірмен арпалысып жүріп алған білімді менің естен шығаруым мүмкін бе?...».

ОҚУШЫ ТҮГІЛІ, ОҚЫТУШЫНЫ
ТАҢҚАЛДЫРДЫ

Жақында телеарналардың бірінен берілген бір бағдарламада белгілі актер Байғали Есенәлі Қад-аға туралы бір тамаша естелік айтты. Байкең Түркістан қаласында өткен «Түркістаным – Тұраным» атты ән фестиваліне қатысыпты. Байқаудың қазылар алқасының мүшелері қатысушы өнерпаздармен бірге Түркістандағы оқу орындарында, мектептерде кездесуге барған. Балуан Шолақ атындағы мектеп оқушыларымен кездесуде қызық болған көрінеді. Кезек Қадыр Мырзалиев ағамызға келгенде қызықтың көкесі бопты...

Қадырмен кездескеніне сенер-сенбесін білмей отырған оқушылардың пейілінен әсерленген болар, әлде өзінің сонау алыста қалған балалық шағы елестеді ме екен, айрықша толқумен:

«Мен өзімнің мектепте алған білімдімізді сіздердің алдарыңызда тексеріп көрсем қалай болар деп тұрмын. Қиыншылықпен жүргенде алған мектептегі білімдімізді өмірбақи есімде сақтармын деуші ем. Сол сертімде тұра алдым ба, байқайын. Мұғалім шырақтарым, маған өз пәндері бойынша мектеп бағдарламасынан сұрақ қоюларыңды өтінемін, соған шамам келгенше жауап беріп көрейін», – деген.

Директор жаққа жалтақтап барып, аздан соң ол жақтан ризашылығын алған оқытушылар кезегімен сұрағын қоя бастады. Қадыр ағамыз сәл ойланyp, есіне түсіріп алып, әлгі сұрақтарға жауап беріп тұр. Тарих, қазақ тілі, орыс тілі, география пәндері бойынша берілген жиырмадан аса сұрақтың бәріне де түгелімен жауап берді. Келесі сұрақты күтіп тұрған ағамызды мектеп директоры бастаған бүкіл мектеп мұғалімі мен оқушылардың дуылдата соққан шапалағы тоқтатты.

Бәрінің де жанарында ерекше танданыс пен шынайы сүйсіну бар. Бәріміз де естен танғандай күйде қалдық. Жетпістен асқан ақсақалдың сонау мектеп табалдырығында алған білімін қайта есіне түсіріп, барлық сұраққа түгелдей жауап бергені шынында да керемет емес пе?! Иә, феномен! Қадыр Мырза-Әлінің өмірге деген өзгеше құштарлығы мен білімге деген ыждағаттылығының сыры неде? Осы сұрақ бәрімізді ойландырды.

...Қадыр аға үнсіздіктен соң көзін сүртті:

«Мына терезені сабаалаған қарлы жаңбыр бала кезімдегі бір оқиғаны есіме түсіріп жібергенін көрмейсің бе. Айып етпе, айналайын! Сендер ғой, өткен жолы Түркістанда менің мектептегі алған білімімнің әлі күнге дейін санамда сақталып, көнермегеніне таңырқадыңдар. Бірақ соның сыры неде? Оны сұраған ешқайсың жоқ. Солай ма?...» депті Қад-аға.

«Білім – инемен құдық қазғандай» деп қазакем бекер айтпаған-ау. Қадыр ақынның ғибраты кім-кімге де үлгі болғандай. Туабітті талантты баланы бұрынғылардың «пітнә» дейтінін осы бір зиялы, көшелі кісіден естідік. Мұндай баланы бүгінгілер «бундеркинг» деп жүр ғой...



ПАРАВОЛЕЙБОЛ

АЗИЯ
ЧЕМПИОНАТЫ
Екінші орындамыз

Қазақстанның параволейбол құрамасы Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанды. Құрлық біріншілігіне Қазақстан, Жапония, Тайланд, Иран, Ирак, Оңтүстік Корея, Моңғолия және Үндістан секілді 8 елдің құрамасы қатысты. Бұған дейін жерлестеріміз жартылай финалда Қытай командасын 3:2 есебімен жеңді. Азия чемпионатының финалына шығып, 2024 жылы Парижде өтетін Паралимпиада ойындарының лицензиясын ұтып алды.



Қазақстан құрамасы Иран командасымен финалдық кездесу өткізді. Ойын өте тартысты өтті. Екі команда да осал емес еді. Иран құрамасы – чемпионаттағы барлық кездесуде жеңілмеген жалғыз команда. Ал Қазақстанның параволейболшылары әлемдік рейтингте жетінші, Азия рейтингінде 2-орында тұр. Кездесудің бірінші кезеңінде ирандықтар 25:21 есебімен жеңіске жетті.

Қазақстан құрамасы екінші кезеңдегі алғашқы ұпайды иеленген еді. Алайда, қарсыластар басымдығына тойтарыс беру оңайға түспеді. Екінші кезеңнің нәтижесі – 25:14 болып, жеңіс қарсылас команданың үлесіне жазылды. Шешуші үшінші кезеңде де қазақстандық параволейболшылар ұпайды көбірек еншілеуге талпынды. Есеп айырмасын қысқартып, басымдықты иеленуге ұмтылған қазақ ойыншылары үшін бұл кезең қарсыластар еншісінде кетті. Есеп – 25:17.

Әйелдер құрама командаларының арасында чемпионаттың алтын жүлдесін – Қытай құрама командасы, ал күміс медальды – Иран құрамасы, қоланы – Жапония иеленді.

«Елорданың 25 жылдығына орай өткізілген волейболды отырып ойнаудан Азия чемпионаты аяқталды. Жарыс Мәдениет және спорт министрлігінің, Астана қаласы спорт басқармасының, «Спорт қоры» және «Самұрық-Қазына» АҚ қолдауымен жоғары дәрежеде өтті. Биыл елімізде параволейболдан алғаш рет өткізілген Азия біріншілігіне 8 мемлекеттен 200-ге жуық спортшы қатысты», – деді Қазақстан параволейбол федерациясының бас хатшысы Батыр Қадырбайұлы.

Параволейболдан Азия чемпионаты шілде айының 3–8 аралығында Астана қаласында өтті. Жарыстың нәтижесінде ерлер командаларының арасында Қазақстан құрамасы және әйелдер командаларының арасында Қытай спортшылары Париж–2024 Паралимпиада жолдамасын жеңіп алды. Оған қоса, қазақстандық спортшы Эрик Қасқабаев чемпионаттың үздік шабуылдаушысы, ал Бауыржан Сартаев үздік үйлестірушісі атанды.

ХОККЕЙ

ЖАҢА СПОРТШЫ
«Барыс» құрамына швециялық
шабуылшы қосылды

Қазақстандық «Барыс» хоккей клубы швециялық Понтус Обергпен бір жылға келісім-шартқа отырды. Біржақты келісім-шарт 2024 жылдың 30 сәуіріне дейін жасалған.


Понтус Оберг 1993 жылдың 23 қыркүйегінде дүниеге келген. Ұлттық хоккей лигасында «Нэшвилл», «Анахайм» және «Торонто» командалары сапында 132 ойын өткізіп қайтты. Ал Құрлықтық хоккей лигасында Ресейдің «Трактор» (Челябинск) командасының намысын қорғады.

Елордалық клубқа келгенге дейін Швейцарияның «Рапперсвил-Йона» клубы сапында ойнады.

Сондай-ақ, «Барыс» былтыр команда құрамында ойнаған Егор Шалапов, Майкл Шапю, Дінмұхамед Қайыржан, Кирилл Савицкий, Джереми Бракко, Александр Василевич, Тамирлан Гайтамиров, Нельсон Ножье, Михаил Рахманов, Эмиль Нұрғалиев, Алекс Грант, Роман Старченко, Никита Бояркин, Әділ Бекетаевпен келісім-шарт мерзімін ұзартты. Ал канадалық қақпашы Эдвард Паскуале «Барыс» құрамына қайта оралды.

Елордалық «Барыс» командасының Ресейдің Қазан қаласында өтетін TANEKO Кубогындағы ойын кестесі белгілі болды.

Татарстан астанасында 10–14 тамыз аралығында болатын турнирде қазақстандық клубтан өзге жергілікті «Ақ Барыс», «Локомотив» (Ярославль), «Трактор» (Челябинск) команда-



лары ойнайды. Әрбір команда топтық кезеңде үш және турнирдегі қорытынды орындарды анықтау үшін бір қосымша ойын өткізеді.

«Барыс» хоккейшілері алдымен 10 тамызда 16.00-де «Локомотивпен» шеберлік байқасса, 11 тамыздағы кезекті кездесуін 16.00-де «Тракторға» қарсы өткізеді. Ал 13 тамызда 20.00-де «Ақ Барыс» командасымен ойнайды. 14 тамызда 16.00-де 3-орын үшін кездесу белгіленсе, 22.00-де финалдық ойын жоспарланған.

СПОРТТЫҚ ҚҰЗҒА ӨРМЕЛЕУ

ӘЛЕМ КУБОГЫ

Ришат Хайбуллин
күміс еншіледі

Францияның Шамони қаласында спорттық құзға өрмелеуден өтіп жатқан Әлем Кубогында қазақстандық Ришат Хайбуллин күміс жүлдегер атанды.

«Жылдамдық» санатында 15 метр биіктікті Ришат 5,05 секундта бағындырып, өз рекордын жаңартты. Алтын және қола жүлдені Индонезия өкілдері иеленді.

Жарысқа 30 елден 129 спортшы қатысты. Оның ішінде ерлер – 77, әйелдер – 52.



ТЕННИС

ДАНИАЛ РАХМАТУЛЛАЕВ – ТУРНИР ЖЕҢІМПАЗЫ

Отандық спортшымыз Даниал Рахматуллаев Иран астанасы Тегеранда 18 жасқа дейінгілер арасында мәресіне жеткен ITF Juniors J100 TEHRAN турнирінің чемпионы атанды.

Қазақстан теннис федерациясының мәліметінше, Ақтау теннис мектебінің түлегі, 16 жастағы Даниал Рахматуллаев (284 ITF Juniors) финалда корт иесі Амиралли Гавамань 6:0, 6:1 есебімен ойсырата ұтты. Бір қызығы, Даниал барлық қарсыласын 6:0, 6:1 есебімен жеңді. Бұл – Д.Рахматуллаевтың Ирандағы екінші титулы. Бұдан бір апта бұрын осындай жарыста да жеңімпаз атанған еді.

Бетті әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.

БОКС

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА
2 боксшы 2026 жылға дейін
шеттетілді

Бокстан Қазақстан құрама командасының мүшесі Саматәлі Төлтаев пен Абзал Серік допинг қолдануына байланысты алдағы 3 жылға спорттан шеттетілді.

Допингке қарсы орталықтың мәліметі бойынша олар рингке тек 2026 жылы шыға алады. Яғни Саматәлі Төлтаев 2026 жылдың 31 наурызында, Абзал Серік 2026 жылдың 7 сәуірінде ғана рингке орала алады.

Абзал былтыр «Elorda Cup» турнирінде 67 келіге дейін салмақта топ жарған. Финалда биыл Ташкентте әлем чемпионатында күміс медаль алған Дулат Бекбауовты жеңіп кеткен болатын. Жастар арасында Азия чемпионы.

Саматәлі Төлтаев – 60 келі салмақта Азия чемпионатының қола жүлдегері (2022), жастар арасындағы әлем чемпионатының күміс жүлдегері, жастар арасында Азия чемпионы.





ХАБАРЛАНДЫРУ

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2023 жылғы 4 тамыз сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17-п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).
Лоттар саны – 1215 дана.
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.
Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmbn.kz электрондық поштасы бойынша 2023 жылдың 2 тамыз сағат 18.00-ге дейін.
Сауда-саттықты өткізу әдісі – Голландтық.
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

ӘДЕП КОДЕКСІ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ –
АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан білдірілген зор сенім болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды.

Қоғам мемлекеттік қызметшісінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын кәсіби қызметіне жұмсайды, өзінің Отаны – Қазақстан Республикасына қалтқысыз әрі адал қызмет етеді деп сенім білдіреді.

Нақты құжаттарға келер болсақ, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылдың 29 желтоқсандағы №153 «ҚР мемлекеттік әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі бекітілген.

Этика дегеніміз – тәртіпті сақтау ережелері. Ол қоғамда белгілі бір нормаларға сай өмір сүретін қағидалардың жалпы жиынтығы. Этиканы қызмет бабында сақтау өте маңызды мәнге ие болып табылады, оның ішінде мемлекеттік қызметшілердің этикасы басты назар аудартады. Мемлекеттік қызметкер әртүрлі қоғам мүшелерінің өкілдерімен жұмыс істейтіндіктен аса үлкен дайындықпен қызмет атқаруы тиіс. Қызмет орнында өзін-өзі ұстай білу, сыртқы бейнесі мен киім үлгісі тәртіпке сай болуын қадағалау, қимыл-әрекеттерін өңгіме кезінде қолдана білу, анық әрі түсінікті жүйелі түрде сөйлей білу – осылардың бәрі қызметкердің кәсіби этикалық құндылықтарына және жалпы қабылданған этика жүйелеріне жатады. Өйткені, оның әрекетіне қарай қоғамда көзқарас қалыптасады.

Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал ететінін, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуы қажет.

Сіздің киіміңіз. Осыған байланысты сыртқы түр этикетінен де хабардар болған жөн. Тап-таза, өзіне сенімді, сыпайы көзге ұрып тұратын артық жылтырақсыз киінген қызметкер сенімге тез ие болады. Сіз өзіңіз біреуді ықыласпен тыңдасаңыз, сіз сөйлегенде, ол да сізді сондай ынтамен тыңдамақ. Белсенді тыңдай отырып, мәселе бойынша орынды сұрақтар қоя білу – адамның көзін жеткізудің маңызды бір бөлігі.

Талап қоя, сұрай білу – мемлекеттік қызметшінің кәсіптік имиджінің моральдық кодексінің талаптарының бірі. Талап ету – сенім білдірумен, сыйлаумен сабақтасып жатуы қажет. Мемлекеттік қызметшіге қажет бір қасиет – тыңдай білу. Тыңдай білу сөйлеушінің сөзін бөлмей мақұлдау ғана емес, оның ойына ортақтасу. Сөйлеп отырған адамға тыңдаушының бет құбылысы: бейтарап отыр ма, жалғып кетті ме, әлде қызығып, көмектесуге дайындалуда ма, бәрі әсер етеді. Мемлекеттік қызметші болу, бұл – адамдармен тең қарым-қатынаста болу, кез келген жағдай-

дан жол таба білу, өз сезімін басқара білу.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін келеңсіз жағдайларға жол бермеуі тиіс.

Мемлекеттік қызметкер – мемлекеттің айнасы! Егер қандай да бір мемлекеттік қызметкер қоғамда өрескел әрекетімен көзге түссе, онда халықтың мемлекетке деген көзқарасына да селкеу түсіп жатады. Сондықтан елімізде мемлекеттік қызметкерлердің этикалық нормаларын сақтау тәртібі қалыптасқан. Жалпы, мемлекеттік қызметті атқару қоғам мен мемлекет тарапынан білдірілген ерекше сенім болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің адамгершілігіне, этикасы мен моральдық бейнесіне жоғары талаптар қою елімізде қалыптасып келеді. Және бұл талап жыл өткен сайын уақыт сұранысына сай күшейтіле түсуде.

Сондай-ақ, олар әрбір сөзіне абай болғаны жөн. Мәселен, мемлекеттік қызметшілер Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға, адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға тиісті. Сондықтан оның пікір айтуына қатысты да абай болғаны жөн. Осы орайда қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға, өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға, орынды сынды кемшіліктерді жоюға және өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға жол бермей, іскерлік әдепті және ресми мінез-құлық қағидаларын сақтауы тиіс.

Жалпы елімізде мемлекеттік қызметкерді іріктеуге, оның кәсіби біліктілігін арттыруға қатысты талап жыл сайын ұлғайып келеді. Президенттік жастар кадр резервін құрудың да ар жағында олардың білімі мен біліктілігін арттыру идеясы жатыр.

Осылайша этикалық мінез-құлық нормаларын сақтау мемлекеттік қызметшілердің жұмысы мен күнделікті өміріндегі негізгі басымдық болып табылады.

Н.ОРЫНБАЙ,

Алматы қаласы бойынша
Қазынашылық департаментінің
бас маман-бас қазынашысы.

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2023 жылғы 4 тамыз сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-кеңсе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).
Лоттар саны – 418 дана.
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.
Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, 1-офис немесе land@lmbn.kz электрондық поштасы бойынша 2023 жылдың 2 тамыз сағат 18.00-ге дейін.
Сауда-саттықты өткізу әдісі – Голландтық.
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«NICE PRODUCTION» ЖШС, БСН 201240001663, өзінің тарапталатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Назарбаев даңғылы, 124-үй, 12-пәтер.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«ALMATY AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 5 айға – 3002,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 5 айға – 8102,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 5 айға – 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
261 59 11 телефондары арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatau.aqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Айнабай МӘДИ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



ТУРНИР

ПЕТАНК

асық атуға ұқсас ойын

ҚР ПМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясы базасында Ішкі істер министрінің Ауыспалы кубогы жолында петанктен полиция қызметкерлері мен БАҚ өкілдері арасында бірінші республикалық турнир өтті.

Айнабай
МӘДИ

Сап түзеген қатысушылар алдында «Динамо» денешынықтыру спорт қоғамы төрағасының бірінші орынбасары Асқар Омарқұлов турнирді салтанатты түрде ашып: «ПМ академиясы базасында петанктен өткізіп отырған Ішкі істер министрінің Ауыспалы кубогы жолындағы командалық біріншіліктің мақсаты – аталған спорт түрін таныту, спорттық икемділікті жетілдіру, жеңімпазды анықтаумен бірге, тілші қауым мен құқық қорғау қызметкерлері арасындағы өзара ынтымақты арттыру», – деп ойыншыларға сәттілік тіледі.

Петанк (французша «petanque») – сөзбе-сөз аударғанда, «прованс пьед танко» – «қакқан қазықтай» деген мағынаны білдіреді. Өйткені, ойыншы допты лақтырған кезде доп жерге тимейінше аяғын жерден алмауы керек. Тартысты біріншілікке төрт команда: «Alatau Aqparat», алаң иелері, «Динамо» ДСК, «Время» газетінің «Акулы пера» ойыншылары қатысты. Ойын шарты бойынша 15х4 м алаңда команда ойыншылары кезек-кезек металл шарларды, (салмағы –

800 г) допты кішкентай резеңке кошонет-шар (диаметрі 30 мм) жанына мүмкіндігінше жақын лақтыруға тырысты.

Тіпті, металл-доп кошонетке тиіп кетіп, қарсыластың добын ысырып тастаған жағдай жиі болды. «Динамо» ДСК ойыншыларының шеберлігі көзге ұрып тұрды. Ойын осынысымен де қызықты өтті. Тартысты ойындар соңында команданың бір не бірнеше шары қарсыластың шарларына қарағанда кошонетке біртабан жақын болуы жеңіске жетеледі. Ойын барысында әр осындай доп бір ұпайдан команда қоржынына құйылып жатты. Сайысқа петанктен ҚР спорт шеберлігіне кандидат О.Цой қазылық етті.

Тартысты бәсекеде ауыспалы кубокты «Динамо» ДСК иеленді, екінші жүлде алаң иелеріне бұйырды. Жарыс жүлдегерлері, ойынға қатысушылар арнайы сыйлықпен, сертификатпен марапатталды. Петанк – икемділік, ептілік пен мергендікке машықтандыратын қазақтың ұлттық спорт түрі асық атуға ұқсас ойын. Алда «Динамо» ДСК-ының 100 жылдық мерекесі, т.б. мерейлі мерекелер бар. Осындай бәсі биік спорттық сындарда асық атуға машықтанған «Alatau Aqparat» командасы биік межеден табыларына сенімдіміз.



ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ

АСТАНА КҮНІ
АЛМАТЫДА
91 СӘБИ
ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ

Елорда күні, яғни 6 шілдеде Қазақстанда 1000 бала дүниеге келді. 505-і қыз, 495-і ұл бала. Ал оның ішінде 8 жұп егіз туған.



Жаңа туған нәрестелердің саны бойынша Түркістан облысы рекордқа ие болды, онда бір тәулікте 146 сәби дүниеге келген. Бала туу бойынша екінші орында – біздің Алматы, мұнда 91 нәресте жарық дүние есігін ашқан. Олардың 46-сы ұл, 44-і қыз.

Одан кейінгі орында тең нәтижелермен Алматы облысы мен Шымкент қаласы тұр, олардың әрқайсысында 76 сәбидің туған күніне орай мереке атап өтілді.

Астана күні Ақтөбе облысы егіздер арасында көшбасшы болды, мұнда бірден екі егіз дүниеге келген.

ТУҒАН ТІЛІМ,
ТӨРГЕ ШЫҚ!

Әлеуметтік желіде қазақ тілін білетін өзге ұлттарды тегін тасып жүрген такси жүргізушісінің видеосы тарады. Көпшіліктің ықыласына бірден бөлене кеткен ерекше видеоны такси қызметін пайдаланған жолаушылардың бірі байқап қалып, әлеужеліге жүктеген екен.

Видеодан байқағанымыздай, такси жүргізушісі орындығының арқалығына «Қазақша сөйлейтін өзге ұлттарды тегін жеткіземін!» деп жазып қойыпты. Әрине, қоғам болғасын, түрлі көзқарастың орын алатыны сөзсіз. Бұл көрініске наразылық білдіргендер де табылып жатыр. Бірақ басым көпшілігі таксисті қолдап, қарапайым еңбек адамының қазақ тілінің дамуына қосқан үлесін жоғары бағалап, лебіздерін білдіруде.

«Жақсы әрекет. Мотивация», «Бұл жерде ешқандай ұлтшылдық жоқ, қарапайым такси жүргізушісі мемлекеттік тілдің дамуына тамшыдай болса да осылайша үлес қосқысы келеді», «Мен орыспын, осында туып, осында ержеттім. Таксистің идеясы ұнады, кімге қалай шабыт бергісі келеді, оны әркім өзі біледі», «Нағыз патриот, жарайсың!», «Мен өзге этностың өкілі болсам да, таксиде болсын, қоғамдық орындарда болсын, әркез қазақша сөйлеуге тырысамын. Қазақ тілі – мен тұрып жатқан мемлекеттің тілі» деген жазбалар қалдырған желі қолданушылары.

ҚҰЖАТТА САУСАҚ
ІЗДЕРІ БОЛАДЫ

Келер жылдан бастап Қазақстан тұрғындарының жеке басын куәландыратын құжаттарда иесінің саусақ іздері болады. Тиісті бұйрық НҚА эталондық бақылау банкінің сайтында жарияланды.

Бұйрық биылғы 30 маусымда қабылданған. Онда Қазақстан азаматының паспорттың, жеке куәлігіне, шетелдіктің ҚР-да тұруға ықтиярхатына, азаматтығы жоқ адамның куәлігіне және жол жүру құжатына байланысты рәсімдік ережелер (беру, ауыстыру және т.б.) қамтылған. Бұйрыққа сәйкес, бұл құжаттарда келесі мәліметтер бар: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса); туған күні мен жері; жынысы; ұлттық тиесілігі – иесінің қалауы бойынша осы қағидалардың 2-тармағының 3), 4) тармақшаларында көрсетілген жеке басын куәландыратын құжаттарда; азаматтығы; фотосуреті; құжатты берген органның атауы; құжаттың берілген күні, нөмірі, қолданылу мерзімі; құжаттар иесінің қолы; жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН); 16 жасқа толған және одан да жоғары, сондай-ақ «Саусақ ізі және геномдық тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда 12 жастан 16 жасқа дейінгі құжат иесінің саусақ іздері. Сондай-ақ, құжатта жеке басын куәландыратын құжатты беру кезінде саусақ ізін алу процедурасы да қарастырылғаны айтылған. Ол «Халықты құжаттандыру және тіркеу» тіркеу пункті» ақпараттық жүйесі арқылы немесе уәкілетті орган қызметкерінің бланк нысанында жүзеге асырылады. Бұл өзгерістер 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі. «Ашық НҚА» порталында жарияланған ПМ-нің тағы бір бұйрығының жобасында құжаттың иесі туралы графикалық және мәтіндік ақпарат, оның ішінде оның саусақ іздері жады сыйымдылығы кемінде 64 Кб болатын микротізде сақталады делінген.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.